

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

«Digital Bridge 2025»:

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІ

тек игі мақсатқа қызмет етуі керек

Астанада «Digital Bridge 2025» халықаралық технологиялық форумы ашылды. Бүгінде өте маңызды пікір алмасу алаңына айналған бұл алқалы жиында жаһандық өзгерістер мен цифрлық экономиканың болашағы туралы өзекті ойлар айтылып, маңызды бастамалар көтеріледі. Осы уақыт ішінде форум жұмысына 67 мыңнан астам адам, 500-ден аса IT-компания және 100 елдің өкілі қатысқанын айта кеткен жөн. «Digital Bridge 2025» халықаралық технологиялық форумына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, сөз сөйледі. Халықаралық қоғамдастық құлақ түрген жаһандық маңызы зор форумда Ел Президенті не деді?

БАСТЫ БАҒДАР –
ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ АДАМЗАТ ИГІЛІГІНЕ ПАЙДАЛАНУ
Президент қазір жаһан жұртшылығы жасанды интеллект дәуіріне қадам басқанын, озық технологияның жоғары қарқынмен дамуы саясатқа, экономикаға және миллиардтаған адамның өміріне тікелей әсер етіп жатқанын қадап айтты. Сарапшылардың бағалауынша, жасанды интеллектінің дамуына соңғы жылдары дүние жүзі бойынша бір триллион доллардан артық инвестиция салынған екен. Ал аталған саланың әлемдік экономикаға қосатын үлесі таяу онжылдықта жеті триллион долларға дейін жетуі мүмкін. Әйтсе де, мұндай оң нәтижеге аталған технологияны жауапкершілікпен пайдаланған кезде ғана қол жеткізілмек. Мемлекет басшысы жаңа технологияны адамзат игілігіне пайдалануды, оны прогресс пен ынтымақтастықтың қозғаушы күшіне айналдыруды басты міндет ретінде атады.



ӘКІМ

Дархан САТЫБАЛДЫ:

ҚАЛАНЫҢ ТААЗАЛЫҒЫ –

болашаққа деген құрметіміздің айнасы

Алматыда «Таза Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асырудың III тоқсаны қорытындыланды. Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен қала әкімдігінде «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясындағы іс-шаралардың орындалуына қатысты жиын өтті. Онда 2025 жылдың III тоқсанында атқарылған істер сараланып, алдағы межелер айқындалды.



отырғызу бойынша жұмыстар басталған еді. Бүгінде 4 мыңнан астам өсімдік егілді, шамамен 7 мың ойық дайындалды. Отырғызылған көшеттерді «Лукоморье» тәлімбағы жеткізсе, олардың сапасын Бас ботаникалық бақ мақұлдады.

Қала әкімі Дархан Сатыбалдының айтуынша, «Таза Қазақстан» бүгінде жәй ғана экологиялық жоба емес, қала тұрғындарын ортақ іске жұмылдыратын қуатты қозғалысқа айналды. Әкім алдағы уақытта барлық ауданның қатысуымен экологиялық айлық өткізуді ұсынды.

«Қаланың тазалығы – біздің мәдениетіміздің, болашаққа деген құрметіміздің айнасы. Ең бастысы, осы қарқынды бәсеңдетпей, тұрғындармен, кәсіпкерлермен, қоғамдық ұйымдармен бірге тізе қосып еңбек ету керек», – деді әкім.

Шілде-қыркүйек аралығында қалада 367 іс-шара өткізіліп, оған 337 мыңнан астам адам қатысты. 376 тоннадан астам қоқыс жиналды, шамамен 600 гектар аумақ тазартылып, 912 ағаш пен бұта отырғызылды. Мегаполистегі сенбіліктің ұйымдастырылуына баса назар аударылғаны белгілі. Тоқсан

ішінде 128 сенбілік өтті, оның ішінде 4 жалпықалалық сенбілікке 40 мыңнан астам тұрғын мен ерікті қатысқан. Бұл ауқымды іс-шараға 2 мыңнан асатын арнайы техника жұмылдырылып, 20 мың текше метрден астам қоқыс шығарылды.

Қыркүйектің аяғында мектептер мен балабақша ұжымы,

медициналық ұйымдар, бизнес өкілдері және қала тұрғындары қатысқан кең ауқымды жалпықалалық сенбілік өтті. Акцияға 4 мыңға жуық адам мен 143 арнайы техника тартылып, бір күнде 1,6 мың текше метрден астам қоқыс жиналып, шығарылды.

Сонымен қатар, күздің алғашқы айында 100 мың бұта

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

Telegram

WhatsApp

Instagram

Facebook

www.aqshamnews.kz

01 745178 614887

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

елімізде жасанды интеллект саласына маманданған арнайы мәртебесі бар орталық ашылады

Мемлекет басшысының төрағалығымен Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңестің алғашқы отырысы өтті. Басқосу «Білім беру саласындағы жасанды интеллект: мүмкіндіктер және сын-қатерлер» тақырыбына арналды.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ

Президент биылғы Жолдауында алдағы үш жыл ішінде Қазақстанды толық цифрлық елге айналдыру жөнінде стратегиялық мақсат қойғаны белгілі. Жасанды интеллект осы трансформацияның қозғаушы күші болуға тиіс. Басты мақсат – Қазақстанды озық, өркеніетті елге айналдыру, отандық технологияны жан-жақты дамыту және мықты IT мамандарын даярлау. Осыған орай Білім беру саласындағы негізгі басымдықтар аталды.

Мемлекет басшысы ең алдымен елімізде жасанды интеллект саласына маманданған арнайы мәртебесі бар Зерттеу университетін ашу керектігіне маңыз берді. Бұл жұмысқа әлемдік үздік оқу орындарын серіктес ретінде тарту қажет. Үкімет жыл соңына дейін осы мәселе бойынша нақты ұсыныс беруге тиіс. Зерттеу университеті ғылым-білім, инновация және халықаралық байланыс орталығы ретінде жұмыс істеуі керек.

Президент жасанды интеллектті білім беру жүйесіне кеңінен енгізуді аманаттады, әдеттегі «барлығына бір бағдарлама» моделі заман талабына сай келмейді. Әр оқушының өзіне тән ерекшелігі бар. Бірі математикаға жүйрік болса да, тіл үйренген кезде қиналады. Енді бірі гуманитарлық пәндерге жетік болса, бірі физикаға шорқақ. Жасанды интеллект арқылы осы олқылықты жоюға болады. ЖИ негізінде құрылған білім жүйесінде әр оқушының қарым-қабілетіне сәйкес жеке оқыту бағдарламасы әзірлен-



бек. Оқушылардың цифрлық профильдерін қалыптастыру – маңызды басымдық. Онда әр баланың оқу үлгерімі, мықты қырлары мен жетістіктері тіркеледі. Ал бұл, өз кезегінде, университет бағдарламасын оңтайландырып, жоғары оқу орнын мерзімінен бұрын тәмамдауға мүмкіндік бермек. Бұдан бөлек, жасанды интеллект цифрлық профиль негізінде кәсіптік бағдар жүйесін жасақтайды. Оқушыларға қарым-қабілетіне сай даму жолдары, курстар мен жобаларды таңдау еркіндігі ұсынылуы керек. Бұл болашақ инженерлерді, зерттеушілерді, дәрігерлерді, мұғалімдер мен кәсіпкерлерді алдын ала анықтауға жол ашады.

АДАМИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС – БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ ӨЗЕГІ

Қасым-Жомарт Тоқаев мұғалімдер көп уақытын жұмсайтын күнделікті күйбең шаруаны жасанды интеллект арқылы автоматтандырудың маңызына назар аударды. «Алгоритмдер шәкірттерге жеке тапсырма-

лар мен дайындық тесттерін әзірлеп, жауаптарды тексеріп, олармен жылдам кері байланыс орната алады. Мұндай технологиялық шешім мұғалімдердің жұмысын едәуір жеңілдетіп, ұстаздық қызметімен айналысуына мүмкіндік береді. Бірақ бірнәрсе әрдайым есте болуға тиіс: мұғалімнің жана-шырлығын және ақыл-парасатын ешбір технология алмастыра алмайды. Сондықтан мұғалім мен оқушы арасындағы адами қарым-қатынас білім беру үдерісінің өзегі болып қалуға тиіс. Біздің мақсатымыз – педагогтерді басы артық жұмыстан босату, өз миссиясын алаңсыз атқаруына жағдай жасау. Үкімет жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізген кезде осы қағиданы ескеруі тиіс. Жаңа технологияларды жетік меңгерсек те, өз болмысымызды, яғни төл мәдениетімізді, құндылықтарымызды сақтап қалуға тиіспіз. Ұлт дүниетанымына жат нәрселердің білім жүйесіне енуіне жол бермеуіміз керек. Түптеп келгенде, жасанды интеллект ел мүддесіне қызмет еткені дұрыс.

Бұл – озық технологиялардың ықпалы руханиятымызға, тарихи мұраларымыз бен бірегей мәдениетімізге ешқандай кеселі немесе зиянын тигізбеуі керек деген сөз. Оқушыларға берілетін білімнің мазмұны және оның сапасы дұрыс болуы керек. Жасанды интеллектті білім беру ісінде көмек құралы ретінде қолдануға болады. Алайда, білімнің сапасына және тәрбиелік мағынасына машина емес, адам жауапты болуға тиіс. Оқу материалының мемлекеттік стандартқа сәйкес болуын, оның ғылыми және мәдени талаптарға сай келуін мұғалім қадағалап отыруы керек. Ұстаз сапалы білімнің басты кепілі болып қала береді. Сондықтан Үкімет мемлекеттік стандартқа сәйкес сапалы контент жасауға мүмкіндік беретін ұлттық білім беру платформасын әзірлеуі қажет», – деген Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласына жасанды интеллектті кеңінен енгізу барысында оның қауіп-қатерлерін қаперден шығармауды ескертті.

«Ең алдымен, бұл жерде жасанды интеллектті теріс пайғылда пайдалану секілді этикалық мәселелер сөз болып отыр. Нейрожелі берген жауапқа сеніп, оқушылар сыни пайымдау, іздену және сараптау қабілетінен айырылып қалуы мүмкін. ЖИ білім беру үдерісін жетілдіруге тиіс, бірақ оның іргелі негізін алмастырмауы керек. Сондықтан Үкімет академиялық адалдықты қамтамасыз ету бағытында кешенді шаралар қабылдауы қажет. Жасанды интеллекттің әлеуетін жаңа жұмыс орындарын ашуға, адам капиталын күшейтіп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын арттыруға пайдалану керек. Үкіметке жасанды интеллект негізінде әзірленген ұлттық онлайн-платформаны іске қосуды тапсырамын. Сол арқылы жұмыссыз қалған мамандарды болашақта сұранысқа ие болатын кәсіпке бейімдеу қажет. Цифрлық стратегиямызда ұлт мүддесі басты орында тұруы тиіс. Ең бастысы – елдің егемендігі, ұрпақтың болашағы», – деді Мемлекет басшысы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Цифрлық мемлекет және азаматтық қоғам:

СЕРПІНДІ СЕРІКТЕСТІК

Алматыда XIV Азаматтық форум өтті

Оқушылар сарайында Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен XIV Азаматтық форумы өтті. Форум аясында үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік органдар, халықаралық ұйымдар мен бизнес қауымдастықтарының 300-ден астам өкілі бас қосып, өзара пікір алмасты. Іс-шараның негізгі мақсаты – азаматтық қоғам институттарының әлеуетін нығайту, цифрландыру арқылы қоғамдық бақылауды арттыру және қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосатын жобаларды қолдау.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асқар ЖҰМАДІЛДАЕВ,
қоғам қайраткері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор:

НАҚТЫ ЕРЕЖЕЛЕР МЕН СТАНДАРТТАР ҚАЖЕТ

Қазір жасанды интеллекттің дұрыс қолданбаудың салдары байқалып жатыр. Кейбір адамдар оны жалған ақпарат таратуға пайдаланып жүр. Балалар да үй тапсырмасын өздері орындамай, жасанды интеллектке артып қойған. Ал мұндай жағдай олардың ойлау қабілетін әлсіретеді. Өз тәжірибемде арнайы сынақ жасадым. Қарапайым есепті жасанды интеллектке беріп көрдім. Ол есептің нәтижесін шығарғанымен, түсіндіруді дұрыс бере алмады. Гуманитарлық салаларда қателеспеуі мүмкін. Бірақ әсіресе, математика сияқты ғылымдарда жиі қате жібереді. Жасанды интеллекттің мүмкіндігі шексіз, барлық салада бірдей қателеспейді деген пікір қате. Жалпы, жасанды интеллект – орасан күш. Бірақ оны пайдалану үшін нақты ережелер мен стандарттар қажет. Әйтпесе, ол қоғамға пайда емес, зиян әкелуі мүмкін. Біз ең алдымен фундаменталды мәселені – тіл мен мәдениеттің тұрақтылығын қамтамасыз етуіміз керек.

жетімділікті қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударылып отыр.

Форум шеңберінде «Үздік идеялар – менің қалама» атты әлеуметтік жобалар көрмесі ұйымдастырылып, жергілікті қоғамдастықтардың өзекті әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған ҰЕҰ-дың креативті жоба-идеялары назарға алынбақ.

«Естеріңізде болса, екі жыл бұрын өткен XIII Азаматтық форум Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған Тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыру мәселелеріне арналды. Сол уақыттан бері осы бағытта бірқатар нақты жұмыстар атқарылып, бірлескен жобалар жүзеге асырылды. Биылғы форумның тақырыбы – «Цифрлық мемлекет және азаматтық қоғам: серпінді серіктестік». Бұл кездейсоқ таңдалған жоқ. Себебі, қазіргі кезеңде цифрландыру –

еліміздің басты даму басымдықтарының бірі. Мемлекет басшысы өз Жолдауында Қазақстанды алдағы үш жылда толық цифрлық мемлекетке айналдыру міндетін алға қойды. Әлемнің озық елдері цифрлық шешімдер арқылы экономикасын күшейтіп, білім мен мәдениетті, денсаулық сақтау саласын жаңа деңгейге көтеруде. Біз бұл үдерістен тыс қалмауымыз керек», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков.

Ал А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының басшысы Анар Фазылжанның айтуынша, азаматтық қоғам белсенді болған елде мемлекет халықтың, яғни әлеуметтің мүддесіне жұмыс істейді. Сондықтан азаматтық қоғам мәдениетін көтеріп, адамдарды өз тағдырына бей-жай қарамауға үйретуіміз қажет.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жиында қалалық инфрақұрылымды цифрлық түрлендірудің өзекті мәселелері кеңінен талқыланды. Атап айтқанда, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, көлік, мемлекеттік сатып алулар, меншік иелерінің бірлестігі (ММИБ), көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару кооперативі және МИБ сияқты салалардағы цифрлық ашықтықты арттыру тәсілдері сөз болды. Сондай-ақ, тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу аясында цифрлық платформалар мен мобильді қосымшаларды қолдану тәжірибелері ұсынылды. Әсіресе, денсаулық сақтау саласында халықтың барлық тобы үшін цифрлық қызметтерге тең қол-



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

«Digital Bridge 2025»:

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІ

тек игі мақсатқа қызмет етуі керек

(Басы 1-бетте)

«ЖИ БЕЙБІТ МАҚСАТТА ҒАНА ҚОЛДАНЫЛУЫ ТИІС»

«Отыз жылдан астам уақыт бұрын Қазақстан бейбітшілік пен қауіпсіздік жолын таңдап, ядролық қарудан өз еркімен бас тартты. Бүгінде еліміз жасанды интеллект бейбіт мақсатта ғана қолданылуы тиіс деп батыл түрде мәлімдейді. Оның әскери салада, кибершабуылдарға және халықаралық тұрақтылыққа қатер төндіретін жобаларда пайдаланылуына жол беруге болмайды. БҰҰ Бас Ассамблеясының таяуда өткен сессиясында мен Қазақстанның Ұйым аясында Жасанды интеллектті басқару жөніндегі жаһандық диалог жұмысына атсалысуға дайын екенін растадым. Біз серіктестеріміздің бастамаларын, соның ішінде Қытайдың ЖИ саласындағы жаһандық ынтымақтастық ұйымын құру туралы ұсынысын қолдаймыз. Мен биыл халыққа Жолдауымды цифрландыру және жасанды интеллект мәселесіне арнадым. Біз алдымызға нақты мақсат қойдық: Қазақстан үш жыл ішінде нағыз цифрлық ел болуы керек. Бұл – өте ауқымды міндет. Сондықтан біз қазір еліміздің біртұтас цифрлық экожүйесін құру ісімен белсенді түрде айналысып жатырмыз».

«ALEM.AI» –
ИННОВАЦИЯЛАР МЕН ТЫҢ
ИДЕЯЛАР МЕКЕНІ

Мемлекет басшысы атап өткендей, Астанада Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңестің бірінші отырысы өтті. Жиында білім беру мәселелері қаралды. Әлемге танымал сарапшылармен бірге адам капиталын дамыту мәселесі талқыланды, нақты міндеттер айқындалды. Ең бастысы, жасанды интеллект саласындағы тұңғыш зерттеу университетін құру туралы өте маңызды шешім қабылданды. Сондай-ақ, «Alem.ai» халықаралық жасанды интеллект орталығы өз жұмысын бастады. Бұл орталықты инновациялар мен тың идеялардың мекені деуге болады. Қазақстан осы саладағы кез келген ынтымақтастыққа ашық.

«Біз елімізде екінші суперкомпьютер кластерін іске қосуды жоспарлап отырмыз. Жасанды интеллект тек игі мақсатқа қызмет етуі керек. Адам игілігі басты орында тұрады. «Alem.ai» жасанды интеллектті барынша тиімді әрі этикалық нормаларға сай қолданатын жаһандық орталық болуға тиіс. Жасанды интеллект технологиясын жауапкершілікпен қолдану өте маңызды. Сондықтан жаңа университет және «Alem.ai» орталығы біртұтас экожүйенің негізгі өзегі ретінде қызмет етуі керек», – деген Президент цифрландыру ұлтымыздың менталитетіне оң әсерін тигізетінін айтты.

Цифрлық мемлекет құру – Қазақстанның келешегін айқындайтын стратегиялық таңдау. Елімізде үш жылдың ішінде цифрлық басқару форматына толық өту міндеті қойылғаны белгілі. Бұл мемлекеттің азаматтармен және бизнеспен өзара қарым-қатынасын түбегейлі өзгертеді. Осы мақсатта Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды. Жаңа ведомство цифрландырудың және тұрмыстың барлық саласына жасанды интеллектті енгізудің басты локомотиві болады. Президент тұжырымдағандай, еліміздегі қоғамдық өмір мүлдем өзге сипат алмақ. Технологиялық тұрғыдан анағұрлым заманауи болады, яғни ұлтымыздың менталитетіне оң әсерін тигізеді. Осылайша біз өркениетке батыл қадам жасаймыз.

«Мен халқымыздың кейінге қайырылып, өткенмен өмір сүрмей, келешекке сеніммен көз тігуге тиіс екенін бұған дейін бірнеше рет айтқан едім. Бүгін маған «Самұрық-Қазына» директорлар ке-



ңесінің ЖИ технологиясымен жұмыс істейтін виртуальді мүшесінің қызметін көрсетті. Бұл – ұлттық суперкомпьютер мен Қазақстандағы Alem LLM үлкен тілдік модель базасында іске асырылған Орталық Азиядағы алғашқы жоба. Ішкі үдерістердің бәрін оңтайландыруға септігін тигізетін мұндай шешімнің маңызы зор», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ –
АСА ӨЗЕКТІ МІНДЕТ»

«Еліміздегі ұлттық компаниялар, отандық кәсіпорындар инновациялық жобаларды белсенді түрде қолдануы керек, өйткені озық технология дәуірінде түбегейлі өзгеріске дайын болу өте маңызды. Онсыз даму болмайтыны анық. Тағы бір мәселе. Озық технологияларды қолдану, бір жағынан, пайдалы және тиімді болғанымен, екінші жағынан, сын-қатері де аз емес. Сондықтан Жасанды интеллектті пайдалану үшін тиісті заңнамалық негіз қалыптастыру – аса өзекті міндет. Бұл бағытта біраз жұмыс істелді, әлі де істеліп жатыр. Осы саладағы негізгі құжат – Цифрлық кодексті жедел қабылдау үшін нақты шаралар жасалуда. Кодексте экономика, білім беру, денсаулық сақтау және мемлекеттік басқару салаларын жаппай цифрландыру жүйесі айқындалады. Жалпы, Цифрлық Кодексті асығыс қабылдай салуға болмайды, бұл – шын мәнінде жауапты, күрделі жұмыс. Сол себепті, Парламентте сарапшылардың, құзырлы мекеме өкілдерінің қатысуымен жасанды интеллектті дамыту мәселесі бойынша арнайы тыңдаулар өткізілді. Бір апта бұрын Мәжіліс «Жасанды интеллект туралы» Заңды екінші оқылымда қабылдады. Расында, бұл уақтылы қабылданған заң болды.

Шетел мамандары да мұны еліміздің тұрақты цифрлық экожүйесін құру жолындағы маңызды қадам деп бағалап, жақсы пікір айтуда. Алдымызда ауқымды жұмыс бар. Жасанды интеллекттің орасан зор әлеуетін Әділетті, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстанды құру үшін қолдануға болады. Алайда, біз шындыққа тура қарауымыз керек: жасанды интеллект және цифрландыру мәселенің бәрін бір сәтте шешіп тастамайды. Жаппай цифрландыру және жасанды интеллектті тиімді пайдалану үшін өте маңызды үш міндетті қатар орындау керек. Атап айтқанда, осы салаға ресурс тарту, жаңа білімді меңгеру және әдеп (этика) нормаларын сақтау. Бір сөзбен, әділ әрі тиімді шешім қабылдай отырып, жылдам және ашық әрекет ету керек».

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢА
ФИЛОСОФИЯСЫ»

«Әрбір жаңа мемлекеттік қызмет көрсету ең әуелі цифрлық форматта жасақталуға тиіс. Бұрын ұсынылған мәліметтерді қайта сұратудың керегі жоқ. Бұдан бөлек, мемлекет пен азаматтардың қарым-қатынасына байланысты барлық нормативтік актілер бекітілгенге дейін міндетті түрде цифрлық сараптамадан өткізілуі қажет. Соның нәтижесінде азаматтар мен кәсіпкерлер бюрократиядан құтылып, олардың мемлекеттік институттарға деген сенімі нығая түседі. Жалпы, айтылған барлық шаралар біздің аймақта жаңашылдық саналады.

Бұл еліміздің цифрлық саясатының ұзақ мерзімді әрі жүйелі бағытын көрсетеді. Ақылды технологиялар үлкен деректерді өңдеуге, әлеуметтік саладан бастап негізгі экономикалық көрсеткіштерге дейінгі көптеген саланы талдауға қабілетті. Яғни стратегиялық жоспарлаудың тиімділігін айтарлықтай жетілдіреді. Сәйкесінше, азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға және экономикалық өсімді арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, халық несие беруден бастап мемлекеттік қызмет көрсетуге дейінгі алгоритм жүйелерінің қалай жұмыс істейтінін білуі әрі түсінуі керек. Жасанды интеллект технологиясын экономиканың барлық саласына жаппай енгізу үшін тиісті заңнаманы да соған сәйкес бейімдеу қажет. Бұл – еліміздің цифрлық және зияткерлік дербестігін қорғайтын нақты тетіктер болу керек деген сөз. Түптеп келгенде, цифрландыру және нейрожеліні кеңінен қолдану Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесінің жаңа философиясына айналуға тиіс.

Қазір әлем жұртшылығының алдында жасанды интеллекттің болашағына қатысты түрлі таңдау тұр. Оның кейбірі шексіз мүмкіндіктерге жол ашады. Ал енді бірі үлкен сын-қатерлерге душар етуі мүмкін. Дегенмен, бір нәрсе анық – келешегіміздің қандай болары біздің бірлесіп әрекет ете білуімізге байланысты. Жасанды интеллект – қазіргі заманның ақиқаты. Алдағы жылдары да адамзат дамуының негізгі бағдары жасанды интеллектке тікелей байланысты болатыны анық. Сондықтан келесі жылдан бастап форумды AI Bridge деп атаған жөн деп санаймын. Бірақ форумның мақсат-міндеті өзгермейді. Осы бірегей алаң технология саласындағы алпауыттар мен түрлі стартаптар, бизнес пен ғылым, мемлекет пен азаматтар арасындағы дәнекер болып қала береді. Форумның жаңа бағдары халықаралық ынтымақтастыққа тың серпін беріп, жа-

санды интеллектті халқымыздың игілігі жолында тиімді пайдалануға септігін тигізеді».

«ТЕХНОЛОГИЯ ТАҢДАУЛЫЛАРҒА
ҒАНА ЕМЕС, БАРШАҒА
ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ТИІС»

«Жаһандық өркениеттің келбетін өзгертетін басты күш ретінде жасанды интеллект бүгінде адамзат өмірінің мәнін қайта саралауға мәжбүрлеп отыр. Бұл – баршамызға үлкен сынақ. Сондықтан біз инженерлер мен басқа да кәсіп иелерін, сондай-ақ осы технологияның мәні мен даму беталысын пайымдай алатын гуманитарлық сала мамандарының жаңа буынын тәрбиелеп шығаруымыз керек. Жасанды интеллектте түрлі қоғамның болмыс-бітімі, дәстүрі, құқықтық нормалары мен адамгершілік қағидалары көрініс табуға тиіс. Сондықтан оны дамытуға философтар, әлеуметтанушылар және заңгерлердің атсалысатынына сенімдімін. Технология әлеуметтік теңсіздікті ұшықтырмауы, азаматтардың мінез-құлқы мен таңдауына манипуляция жасамауы керек. Ол үшін тиімді шаралар қабылдауымыз қажет. Артықшылыққа ие топтар алгоритмдерді пайдаланып, әлдебір құндылықтар мен ойлау моделін қоғамға таңуы ықтимал. Оған жол беруге болмайды. Бұл әлемнің мәдени әраландығына қиянат жасау болып саналады. Технология таңдаулыларға ғана емес, баршаға қызмет етуге тиіс. Әділ шешімі осы.

Біз мына маңызды мәселені де назарда ұстауымыз керек: жасанды интеллекттің бойында сана бар, бірақ сезім жоқ. Жасанды интеллект талдау және болжам жасауға қабілетті болғанымен, адам сияқты армандап, қиялдай алмайды. Кім біледі, бәлкім, он-жиырма жылдан кейін мұндай ахуалдың өзі түбегейлі өзгеруі мүмкін, бірақ қазіргі кезде Жасанды интеллекттің «жаны» (эмпатия) әзірше жоқ. Адамзат жасанды интеллекттің игілігін көруі керек. Заманауи технологиялар қаншалықты озық болса да, адамның ой-санасы одан да жүйрік болуы қажет, яғни адам бұл тұрғыдан машинаның артында қалмауы керек. Осы мәселе бойынша көптеген тұжырым пайда болуда, тіпті, қызу пікірталастар жүріп жатыр. Бұл істе философия, мәдениет және білім айрықша рөл атқарады. Басқа сөзбен айтқанда, адамның шексіз әлеуеті және озық технологиялардың бірегей мүмкіндігі ұштасқанда ғана жарқын болашаққа даңғыл жол ашылады».

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ



Отбасы қауіпсіздігі:

ҚОЛДАУ ЖӘНЕ КӨМЕК

Түркісіб ауданының Төтенше жағдайлар басқармасы мен аудан әкімінің аппараты бірлесіп, аудандық полиция және прокуратура органдарының қатысуымен, әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы тұрғындардың жылыту маусымына дайындығын көзбен көріп, қажет болса, қолдау көрсету мақсатында кешенді профилактикалық іс-шара жүргізуде.

Нұржамал
ӘЛІШ

Иә, жылыту маусымы да таяп қалды. Бұл уақытта үйін көмірмен жылытатын отбасылардың қауіпсіздігі маңызды. Бүгінгі күні Түркісіб ауданының Төтенше жағдайлар басқармасы өкілдерінің қолында 14 отбасының тізімі бар. Бәріне көмек көрсетілмек. Тіпті, ошағының мұржасына дейін тазаланып берілмек.

Осы іс-шара кезінде белгілі болғанындай, Сүйінбай даңғылында орналасқан шағын сарайды жалдап тұрып жатқан ерлі-

зайыпты Жанат Тойбаев пен Гүлсара Жүрсінова әлеуметтік қолдауға мұқтаж. Нақтырақ айтсақ, кәмелетке толмаған жеті баласы бар әке инсульт алған, мүмкіндігі шектеулі, қазір зообақта аула сыпырушы болып еңбек етеді. Ал зайыбы жұмыссыз. Қыста баспанасын көмірмен жылытады.

Әлеуметтік осал топқа жататын отбасының тыныс-тіршілігімен толық танысқан аудан өкілдері оларға бір-екі күндікте көмір түсіріп беретін болды. Жанып жатқан пештен төтеннен улы газ бөлінген жағдайда дереу анықтайтын заманауи датчик-құрылғы орнатты.

ӘКІМ

ЗАМАНАУИ ДӘРІ-ДӘРМЕК ЗАУЫТЫ

Шаһар басшысы жаңа жобаның құрылысымен танысты

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды жұмыс сапары аясында қаладағы ірі өндірістік кәсіпорындарды – «Nobel АФФ» АҚ, «Сайман корпорациясы» ЖШС және «Евразиян Фудс Корпорэйшн» АҚ зауыттарын аралады, деп хабарлайды Алматы қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі.

«Nobel Алматы фармацевтикалық фабрикасында» әкім компанияның өнімдерімен және Алматы Индустриалдық аймағында салынатын жаңа жоғары технологиялық дәрі-дәрмек зауытының құрылыс жоспарымен танысты. Оны 2027 жылға дейін салу жоспарланған. Жоба 2020 жылдың қыркүйегінде инвестордың ҚР Денсаулық сақтау министрлігі және «СК-Фармация» ЖШС-мен жасаған меморандумы аясында жүзеге асырылады.

Жаңа зауытта 5 өндірістік цех пен 3 зертхана орналастыру көзделген. Бұдан бөлек, қойма, кеңсе және әкімшілік ғимараттар, сондай-ақ инженерлік-қосалқы нысан қарастырылған. Құрылысты келер жылы бастау жоспарланып отыр.

Әкім инвесторға барлық қажетті қолдау көрсетуді тапсырды. Жаңа зауыт өнім ассортиментін кеңейтуге, жоғары технологиялық дәрілерді өндіруге және барлық өндірісті



қала сыртына – Индустриалдық аймаққа көшіруге мүмкіндік береді.

«Сайман корпорациясында» Дархан Сатыбалды есепке алу аспаптары өндірісінің жоғары деңгейін атап өтті. Кәсіпорында 180 адам еңбек етеді, олардың басым бөлігі – жергілікті ЖОО түлектері. Кәсіпорынның жобалық қуаты – жылына 800 мың аспап, ал жыл сайынғы нақты өндіріс көлемі – 500 мың дана.

Жұмыс сапары барысында Дархан Сатыбалды сондай-ақ «Евразиян Фудс Корпорэйшн» АҚ-да болды. Бұл кәсіпорынның 60 жылдан астам тарихы бар және Қазақстан мен Орта-

лық Азиядағы тағам өнеркәсібінің маңызды нысандарының бірі. Мұнда өсімдік майы, майонез, кетчуп, қыша, түрлі суостар, құрғақ дәмдеуіштер, маринадтар және конди-терлік қоспалар шығарылады. Кәсіпорынның жылдық қуаты 132 мың тоннадан асады. Қазіргі уақытта өндірістік кешенде ауқымды қайта жаңғырту жұмысы жүргізілуде.

Жұмыс сапарының қорытындысында қала әкімі өнеркәсіп секторын қолдауға және Алматының өндірістік әлеуетін дамытуға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

МӘСЛИХАТ

АЛМАТЫ БЮДЖЕТІ:

Әлеуметтік сала – маңызды бағдар

Алматы қалалық мәслихатының кезектен тыс XXXV сессиясы өтті. Онда депутаттар 2025–2027 жылдарға арналған қалалық бюджетке өзгерістерді қарап, бекітті. Өзгерістер Мемлекет басшысының Жолдауында көрсетілген тапсырмаларды орындауға, сондай-ақ мегаполистің әлеуметтік және инфрақұрылымдық маңызды жобаларын аяқтауға бағытталды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Сессия барысында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов бюджет процесін тиімді жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

«Бюджеттік жоспарлау – маңызды құралдардың бірі. Біз депутаттармен бірге жұмысты күшейтіп, қаражатты пайдалану тәртібін қатаң сақтауды қамтамасыз етеміз. Қалада үлкен көлемдегі бюджет пен көптеген жобалар бар, сондықтан рәсімдердің уақытылы орындалуын бақылауды күшейтеміз. Бұл жергілікті бюджетті басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған», – деді әкімнің орынбасары.

Жалпы нақтыланған бюджет көлемі 2 трлн. 508,4 млрд. теңгені құрайды. Оның елеулі бөлігі әлеуметтік салаға бағытталды. Мәселен, білім беру саласына қосымша 41,2 млрд. теңге бөлініп, қаражат мектептерді салуға және қайта жаңғыртуға,



жабдықтарды жаңартуға, «Ала-тау» дәстүрлі өнер театрының фойесі мен дәліздерін жаңартуға, сондай-ақ жылжымалы сахнаны алуға жұмсалады.

Денсаулық сақтау саласына 9,6 млрд. теңге қосымша қарастырылған. Негізгі жобалар қатарында №1 Перинаталдық орталықтың жаңа корпусын салу, Бостандық ауданындағы емхананы аяқтау, №7 қалалық клиникалық аурухананы қайта жаңғырту бар. Сонымен қатар, өкпе обырын ерте диагностикалауға арналған заманауи цифрлық шешімдерді енгізу жоспарлануда.

Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарды қолдауға 2 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінді. Қарттарды қолдауға және белсенді ұзақ өмір сүруге бағытталған «Алтын жас» бағдарламасы жалғасады.

Спорт пен қалалық инфрақұрылымды дамыту аясында 35 мың орынды жаңа стадион салынатын болады. «Медеу» спорт

кешені қайта жаңғыртылады, дарынды балаларға арналған спорт мектептері мен интернаттарды дамыту жұмыстары жалғасады.

Экология мен абаттандыру саласында «Жасыл Алматы» ШЖҚ МКК материалдық-техникалық базасын нығайтады. «Алматы Тазалық» үшін жаңа арнайы техника сатып алынады, сондай-ақ «Таза Қазақстан» бастамасы аясында жасыл желекті сақтау шаралары жүргізіледі.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қаланың төрт ауданында модульдік өрт сөндіру бекеттері орнатылады. Бұл тұрғындардың қауіпсіздігін арттырып, төтенше жағдайларға әрекет ету уақытын қысқартады.

Сонымен қатар, депутаттар «Атамекен» ҰКП төрағасының орынбасары болып тағайындалуына байланысты Нұрсұлтан Шоқановтың депутаттық өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселесін қарады.

ЖАҢА ЖОБА

МВА бағдарламасы:

Мақсат – бизнесті мемлекеттік тілде меңгерген жаңа буын кәсіпкерлерін қалыптастыру

Алматыда МЕТА Университетінде алғаш рет қазақ тілінде оқытылатын МВА бағдарламасының тұсауы кесілді. Іс-шараға экономистер, кәсіпкерлер мен білім саласының өкілдері қатысты.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Жаңа бағдарлама кәсіпкерлер мен топ-менеджерлерге бизнесті трансформациясы, қаржылық технологиялар және салалық менеджмент бойынша білім береді. Алдағы уақытта құрылыс, мәдениет, креативті индустрия сынды түрлі салаларда кәсіби басқарушыларды даярлау көзделіп отыр.

Бұған дейін МВА бағдарламалары негізінен орыс және ағылшын тілінде ғана жүргізіліп келген. Енді ұлттық тілде білім беру арқылы заманауи менеджментке қазақ тілінде тың серпін берілмек. Бағдарлама аясында қос дипломды жүйе қарастырылған.

Тыңдаушылар Швейцария университеттерінің серіктестігімен халықаралық тәжірибе жинақтау мүмкіндігіне де ие болады. Экономист Мақсат Халықтың айтуынша, қазіргі таңда елімізде кәсіби менеджерлердің тапшылығы – экономика дамуына кедергі келтіріп отырған басты мәселе.

– Біздің негізгі мақсатымыз – топ-менеджерлер мен

кәсіп иелерін кәсіби деңгейде дайындау. Кәсібін бастап қойған, бірақ білімін тереңдетуге мұқтаж кәсіпкерлерге арнайы бағдарлама арқылы жаңа мүмкіндіктер ұсынамыз. Бұл – іскерлік ортаны жандандырып, экономикалық өсімге тікелей әсер етеді. Бағдарламаның тағы бір ерекшелігі – қазақ тілінде жүргізілуі.

Соңғы отыз жыл бойы елімізде МВА бағдарламасы тек орыс және ағылшын тілдерінде оқытылып келді. Қазақ тілінде оқыту соңғы үш жылда ғана басталды.

Біз көрші елдердің тәжірибесін зерттедік: мысалы, Өзбекстан мен Қырғызстанда да әлі күнге дейін МВА-ны мемлекеттік тілде оқыту жолға қойылмаған. Сондықтан бұл – өте маңызды әрі дер кезінде жасалған қадам деп есептейміз.

Біздің мақсатымыз – ұлттық рухы бар, заманауи ойлайтын және бизнес тілін мемлекеттік тілде меңгерген жаңа буын кәсіпкерлерін қалыптастыру. Бизнес қазақ тілінде дамыса, бұл ертең ғылымның да қазақылануына жол ашады, – деді спикер.



ҰСТАЗЫН ҰЛЫҚТАҒАН ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫ САНАЛЫ, БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН БОЛАДЫ

Мемлекет басшысы мұғалімдердің кәсіби мерекесі қарсаңында еліміздің педагогтерін алдағы Ұстаздар күнімен құттықтады. Білім беру саласына қосқан елеулі үлесі және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бір топ ұстазды мемлекеттік наградамен марапаттады.

«МҰҒАЛІМНІҢ ЕҢБЕГІ ЛАЙЫҚТЫ БАҒАЛАНУҒА ТИІС»

– Міржақып Дулатұлы «Халыққа ең пайдалы адам – мұғалім» деген. Мұғалім – әр азамат үшін өте қадірлі тұлға. Басқа сөзбен айтқанда, мұғалім – әрбір балаға өмір жолын көрсетеді. Ұстаз – тәлім-тәрбие мен білімнің қайнар көзі. Кез келген қоғамның кемелдігі, өркениеттілігі ұстазға деген қатынасымен өлшенеді. Ұстазын ұлықтаған елдің ұрпағы саналы, болашағы жарқын болары хақ. Себебі, әр мұғалімнің еңбегі – ерен, еліміздің дамуына қосқан үлесі – орасан. Сондықтан бүгін мен білім беру саласында еңбек етіп жүрген барша азаматқа шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент озық ойлы ұлт болу үшін ең алдымен, білім-ғылымның дамуына баса мән беру қажеттігін атап өтіп, соңғы бес жылда елімізде осы бағытта көп жұмыс жасалғанына тоқталды. Білім саласына бөлінетін қаржы үш есе артты. 1200 жаңа мектеп ашылды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр. Осы жоба бойынша заман талабына сай 150 білім ошағы салынды. Сондай-ақ, осындай 67 мектептің құрылысы жүріп



(Дереккөз: akorda.kz)

жатыр. Балалардың сапалы білім алуына қажетті барлық жағдай жасалуда. «Бұл деректі халық білуі керек, себебі мемлекет жас ұрпақтың біліміне және ұстаздардың жағдайына баса назар аударып жатыр. Біз педагогтердің мәртебесін көтеріп, әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін нақты шараларды қолға алдық. Арнайы заң қабылдадық. Бүгінде ұстаздардың жалақысы 2 есе өсті», – деген Мемлекет басшысы ұстаз болу нағыз білікті, дарынды, шебер маманның ғана қолынан келетінін айтып, мұғалімнің еңбегі соған сай лайықты бағалануға тиіс екеніне маңыз берді.

Қазір білім нарығында бәсеке күшейді, көптеген жас ұстаз болуға ұмтылып жатыр. Әсіресе, мектепті «Алтын белгімен» бітірген түлектердің арасында мұғалімдік жолын таңдағандар көп. Бұл – өте жақсы

үрдіс. Мемлекет мұндай азаматтарды әрдайым қолдайды. Биыл мұғалімдер даярлау үшін 13 мыңнан астам грант бөлінді. Бұл – еліміздегі барлық гранттың бестен біріне жуығы деген сөз. Жалпы, білім беру саласында жүйелі жұмыс істеліп жатыр, нәтижесі де жақсы деп айтуға болады. Мысалы, былтырдан бері мыңнан астам оқушы түрлі пәннен халықаралық білім сайысында жеңімпаз атанды. Бұл – ұстаздардың белсенді жұмысының жемісі, дарынды жастарымыздың табанды еңбегінің нәтижесі.

САПАЛЫ БІЛІМ МЕН САНАЛЫ ТӘРБИЕ:
Бұл іске мемлекет те, мектеп те, отбасы да бірдей атсалысуы қажет
Мемлекет басшысы ел жастарына зор үміт артып, өскелең ұрпақтың ертеңіне

үлкен сеніммен қарайтынын жеткізді: «Қазіргідей құбылмалы заманда сапалы біліммен қатар, саналы тәрбиенің маңызы ерекше. Біз осы мәселеге баса назар аударуымыз керек. Бұл іске мемлекет те, мектеп те, отбасы да бірдей атсалысуы қажет. Биылдан бастап барлық мектептің оқыту үдерісіне «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізіліп жатыр. Басты мақсат – жас ұрпақтың санасына жалпыұлттық құндылықтарды сіңіру, оларды отаншыл рухта тәрбиелеу», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент заман талабына сай дамыған, озық ел болуға үндеп, білім беру ісіндегі цифрландыру мәселесіне назар аударды.

– Цифрландыру және жасанды интеллект технологиясы – қазіргі заманның ақиқаты. Сол себепті, мен биылғы халыққа Жолдауымды осы өзекті мәселеге арнадым. Цифрлық сауаттылықты балаларға мектептен бастап үйреткен дұрыс. Оқушылар озық технологияны оқуда тиімді пайдалана білгені жөн. Бұл – ұстаздарға да қатысты мәселе. Мұғалімдер заманауи дағдыларды жетік меңгеруі қажет. Жасанды интеллектіні білім саласында кеңінен пайдаланған абзал. Цифрлық ел болу – бір күннің шаруасы емес. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл – мектептен бастап түбегейлі жаңа тәсілмен жұмыс істеу деген сөз. Сіздер, құрметті ұстаздар, осы маңызды миссияны жүзеге асыруға атсалысып, белсене жұмыс істейсіздер деп сенемін, – деп тұжырымдаған Мемлекет басшысы еліміздің мемлекеттік саясатында «Заң және тәртіп» қағидасы үстемдік құратынын жеткізіп, оны жүйелі жүзеге асыру нәтиже бере бастағанына тоқталды. Президент атап өткендей, 2019 жылдан бері қылмыстық құқықбұзушылықтың саны екі есе қысқарған. Қоғамда жоғары құқықтық мәдениет қалыптастыруда Оқу-ағарту министрлігі мен педагогтер айрықша рөл атқарады. Себебі, әділдік, заң және тәртіп қағидаттары мектеп партасынан бастап орнығы қажет.

Т.ДЕРБИСАЛИН.

ПЕДАГОГИКА

ОТБАСЫЛЫҚ ДӘСТҮР

адал еңбек пен рухани тереңдіктің көрінісі

Алматыда отбасының бірнеше буыны ұстаздық жолды жалғастырып келе жатқан әулеттер көп. Мұндай династиялық отбасыларды қала мектептерінен жиі кездестіруге болады. Тіпті, биылғы «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпазы – ұстаздар династиясы екенін де атап өтуге болады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Педагогикалық мәдениетті нығайтады

Алматы қаласы Білім басқармасының Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының дерегіне сүйенсек, мегаполистегі 220 мектептің 37-сінде ұстаздар династиясы еңбек етеді. Орталық директоры Ардақ Рақымғалиқызының айтуынша, мұндай әулеттер кәсіби шеберлік пен адамгершілікті үйлестіріп, ұрпақ тәрбиелеуде өлшеусіз үлес қосады.

– «Өзім де педагогтер әулетінен шыққандықтан, ұстаздық жолдың қаншалықты жауапты әрі мәртебелі екенін жақсы білемін. Династиялық отбасылар жас мамандар үшін үлгі болып, мектептің оқу-тәрбие сапасын арттыруға зор үлес қосады. Олар дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіріп, педагогикалық мәдениетті нығайтады», – дейді Орталық басшысы.

Ұстаздық жолды ұлтқа қызмет ету деп білетін шынайы педагогикалық династиялар Алматыда аз емес. Мәселен, №178 мамандандырылған лицейде еңбек етіп жүрген Талант Сағиолдановтың әулеті де бірнеше буынды қамтиды. Әжесі Қатжан Нәсіқызынан бастап, әкесі Бақыт Сағиолдаұлы, анасы Гүлнара Серікқазықызы, жұбайы Арайлым Жолболдықызы, ағалары мен әпкелері барлығы әртүрлі пәндерден сабақ беретін мұғалімдер. «МИР» телеарнасы олардың еңбегін «Еңбек әулеті» атты деректі фильмде көрсетіп, ТМД елдеріне таныстырған.

Жауапкершілік пен қажыр-қайрат

Бастауыш білім беру бөлімінің жетекшісі Арай Иманбекқызы ұстаздар династиясының қоғамдағы рөліне тоқталды:

– Менің анам 40 жыл мектепте мұғалім болды, бауы-

рым мен келінім, жездем де осы салада қызмет етеді. Әпкем мен екі сіңлімнің де педагогикалық білімдері бар. Ұлым Сержан биыл ағылшын тілі пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша жоғары оқу орнын тәмамдады. Менің түсінігімде, білім беру – кез келген адамның қолынан келе бермейтін күрделі іс. Өйткені, ұстаздың алдына келетін әрбір оқушы – біреудің жалғызы, үміті, болашағы. Сол балаларды үлкен өмірге дайындау, тұлға ретінде қалыптастыру – үлкен жауапкершілік пен қажыр-қайратты талап етеді. Ал оны отбасылық дәстүрге айналдырып, династиялық сабақтастыққа жеткізу – үлкен еңбек пен рухани тереңдіктің көрінісі.

Негізі, ұстазы көп отбасылардың өмірі де қызық. Мәселен, бір әулетте бірнеше мұғалім болса, олардың отбасылық басқосулары кейде шағын педагогикалық кеңеске айналады. Бір-бірімен тәжірибе бөлісіп, соңғы жаңалықтарды талқылап, қолдау көрсетеді. Жақында куә болған бір қызық оқиға есіме түсіп отыр. Бір туысымыздың үйіне қонаққа бардық. Балалар әдеттегідей телефон шұқылай бастады. Сол сәтте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін үлкен апайлар Ғалия Абайдың 180 жылдығына орай отбасылық кеш ұйымдастырды. Үстел үстіне ақынның өлеңдерін, қысқа мәтіндерін таратты. Балалар барлығы қызыға қарап, өлеңдерді жаттауға талпынды. Кейде өздері де Абай мұрасынан білгендерінше жарыса өлең шумақтарын оқыды, әндерін де ұмытпады. Осы кезде ағалары мен іні-қарындастары өз пәндерінен қызықты тапсырмалар қосып, кеш бір сәтте шағын «педагогикалық шеберханаға» айналды. Ынталандыру үшін тәттілерден сыйлық үлестірді. Бала да мәз, ата-ана да риза. Әсерлі кеш қонақтарға жаңа идеялар мен шабыт сыйлады.

Мұндай династиялық сабақтастықты болашақта мыңдаған отбасы жалғастырып, білім мен тәрбиенің алтын арқауын қаламызға әкеле беретіні сөзсіз. Мәртебелі мамандық иелері Алматыда, жалпы елімізде әлі талай ұрпақты тәрбиелеп, ұстаздар династиясының абыройын асқақтата береді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



**Ұлбосын
ДҮЙСЕБАЕВА,
білім беру
саласының
ардагері:**

**ТОҒЫЗ
БАЛАМ ДА
МҰҒАЛІМ**

Бала күнімнен ұстаз болуды армандадым. Мектеп бітірген соң әке жолын қуып, Қызылордадағы педагогика-лық институтқа оқуға түстім. Қазіргі таңда көпбалалы анамын, 25 немерем мен 10 шөберенің әжесімін, зейнеткер-ұстазбын.

Біздің әулеттің ұстаздық тарихы 1970 жылдан басталады. Өзіммен бірге оқыған Әбдікамал Дүйсебаевпен шаңырақ көтеріп, екеуіміз еңбек жолымызды мектептен бастадық. Жолдасым ұстаз болумен қатар облысқа танымал ақын еді. Ол «Саған деген махаббатым», «Ауыл әуендері», «Жүрегімнің жылуы», «Туған жер» атты кітаптардың авторы. Екеуіміз де Қазақ КСР-нің озат қызметкері атағын иелендік.

Біз бала тәрбиесіне ерекше мән бердік. Тоғыз бала (8 қыз, 1 ұл) өсірдік. Балаларымыз ақын-жазушылардың шығармаларын жаттап өсті, жұбайым оларды шахматқа баулыды, үйде түрлі турнирлер өткізіп отырдық. Қазір ұлым Ақәділ шахматтан бірнеше жарыстың жеңімпазы, спорт шеберлігіне үміткер.

Менің ата-анам да, бауырларым да мұғалімдер еді. Жолдасымның да бауырлары түгел ұстаздық жолды таңдаған. Бүгінде тоғыз баламың барлығы ұстаз, ал немерелерімнің көбі де мұғалім болып еңбек етуде. Біздің Дүйсебаевтар әулеті – жалпы еңбек өтілі 500 жылдан асқан нағыз ұстаздар династиясы. Биыл «Мерейлі отбасы» байқауына қатысып, Алматы қаласында жеңімпаз атандық. Республикалық байқауға жолдама алып, ұстаздар әулетінің мәртебесін асқақтатып отырмыз.



ҚАЛДЫРҒАН ІЗІҢ МӘҢГІЛІК

Қоғамның әлеуметтік, мәдени және рухани дамуы ең алдымен білім беру жүйесінің сапасына тәуелді екені белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, ұстаз тұлғасы – білім беру процесінің негізгі субъектісі әрі болашақ ұрпақтың интеллектуалдық, моральдық және рухани қалыптасуына ықпал ететін шешуші фактор. Ұстаздық қызмет тек ақпарат берумен немесе кәсіби білімді меңгертумен шектелмейді, ол – тұлғаның дүниетанымын, құндылық бағдарларын, өмірлік ұстанымдарын қалыптастырумен тікелей байланысты күрделі әлеуметтік-педагогикалық құбылыс. Әрбір адамның өмір жолында бағыт-бағдар беріп, рухани нәр сыйлайтын тұлғалардың бірі – ұстаз.

Ұстаз – шәкірттің жүрегіне ізгілік дәнін себетін, санасына сәуле ұялататын, болашағына жол көрсететін шырақшы. Халық даналығында «Ұстазды қадірлеген елдің ұрпағы өнегелі болады» деген сөз бар. Өйткені, ұстаздық – адам жанын тәрбиелеуде, ой-сананы қалыптастыруда және арман-мақсатқа жетелеуші жолда ең биік әрі ең жауапты мамандық. Сондықтан ұстаз еңбегінің өлшемін санмен не уақытпен бағалау мүмкін емес, ол мәңгілік құндылыққа айналған ұлы миссия болып қала береді.

Президент пен пошташы да, дәрігер мен дәнекерлеуші де, ұшқыш пен ұста да, есепші мен етікші де мұғалім алдынан өткен. Бәрінің де алғашқы білімін, ұлағатын, өмірге деген оң көзқарасын мұғалім деген ерекше жан бекемдеп берген. Ең алғашқы ұстазы туралы елге белгілі тұлғалар не дейді?



Смағұл ЕЛУБАЙ,
Қазақстанның
Халық жазушысы:

Сөзі – беделді, шешімі – әділ

Біз мектепке кештеу, 9-10 жасында барған ұрпақпыз. Менің алғашқы мұғалімім – Сүндетқали Дабысбаев. Біздің білімге, әлемге көзімізді ашқан, ең алғашқы әріптерді ақ параққа жаздыртқан сол кісі еді.

Жетпіске таяған мұғалім болатын. Бізге бәрін білетін өте білімді тұлға болып көрінетін. Ол кісіден үйренген бір нәрсем болды. Жаздың кезі. Кешқұрым уақыт. Ауыл құдығының басына тігілген біздің киіз үйдің көлеңкесінде біраз адам отырған-ды қауқылдасып. Айналасында біз де ойнап жүрміз ойын балалары. Ол кезде ауыл мұғалімі өкімет беріп қойған мотоциклмен жүретін. Киіз үйдің іргесіне сонау шағын мектеп ғимаратынан шыққан мотоцикл келіп тоқтады. Үстінен аппақ костюм-шалбар киген, басында келісті қалпағы бар Сүндетқали ағай түсіп келе жатты. Отырғандардың бәрі ұшып түрегеліп оған қақ ортадан орын берді. Сонда ойладым, «Елге сыйлы адам болу үшін осылай аппақ болып киініп, түп-түзу жүру керек екен ғой. Білімі, сөйлеген сөзі қандай! Көп кітап оқысам, мен де осындай білімді, құрметті, ел сыйлайтын зиялы болады екенмін» деді ішімдегі балаң ой.

Кеңес өкіметі кезінде мұғалімнің беделі тек кәсіби емес, саяси-әлеуметтік деңгейде де жоғары бағаланды. «Ұстазды сыйлау» дәстүрі кеңестік идеологиямен ұштасып, ұстазға сенім мен абырой әкелді. Мұғалім сөзі – беделді, шешімі – әділ деп есептелді.

Иә, менің көңіліме зиялы адам деген ұғымды қондырған осы алғашқы ұстазым Сүндетқали Дабысбаев болатын. Содан бастап оқуға, білімге құштарлығым артты. Сол біліммен қазіргі күнге жеттік.



Нұржұман ЫҚТЫМБАЕВ,
Қазақстанның халық артисі,
КСРО Мемлекеттік
сыйлығының иегері:

Адамның тағдырын өзгерте алатын шамшырақ

Ұстаз дегенде, ең алдымен, есіме оралатын бір жан бар. Ол – өмірімнің бағытын түбегейлі өзгерткен, адам ретінде де, өнер адамы ретінде де қалыптасуыма үлкен әсер еткен аяулы ұстазым – Баяхмет Құсайынов.

1962 жыл еді. Ауылда шопыр болып жүрген кезім. Бір күні машинамың карбюраторын тазалап отырсам, алыстан атпен келе жатқан Баяхмет аға қасыма аяңдап, сәл үнсіздіктен соң: «Бұл карбюраторды кез келген адамға үйретсең, істей алады. Ал Құдай берген өнер – екінші күніне бұйырмайтын қасиет. Әкең сенен үлкен үміт күткен еді. Сен оқуға бар. Өнеріңді шыңда, білім ал. Әйтпесе, өмірің бекер өтіп кетуі мүмкін», – деді. Бұл сөзі біраз уақыт ойымнан шықпай қойды. Кейін тағы бір



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

жолыққанымызда одан: «Аға, енді мен қайда барамын? Жеті-ақ сынып бітіргенмін. Қарайып қалдым ба деп қорқам», – деп сұрадым. Жаркенттегі училищеге бару керектігін, онда жақсы ұстаздар бар екенін, мықты білім беретінін, егер соны үздік бітірсем, кез келген жоғары оқу орнына түсе алатынымды айтып, жөн сілтеді.

Баяхмет ағаның осы бір сөзі мені қанаттандырды. Сол кісінің ақылымен Жаркентке барып, училищеге түстім. Үздік оқып, қызыл дипломға тәмамдадым. Кейін Алматыдағы жоғары оқу орнына еш қиындықсыз қабылдандым. Өмірдегі барлық жетістігімнің бастауы – сол ұстазымның бір ауыз сөзі еді. Ол маған тек білім мен өнерге жол ашып қойған жоқ, өзіме деген сенімді ұялатты. Баяхмет ағаны, оның жан жары Ажар жеңгемізді де жүрегімде мәңгі сақтап келемін.

Ұстаз деген – жәй ғана сабақ беретін адам емес. Ұстаз – адамның тағдырын өзгерте алатын шамшырақ. Уақытында айтылған бір ауыз сөз, жанашырлық пен сенім – бүкіл өміріңе бағыт береді. Баяхмет аға – мен үшін сондай жан. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Оның маған қалдырған өнегесі, сенімі мәңгі жүрегімде!



Марат ТОҚАШБАЕВ,
Қазақстанның
құрметті жазушысы,
академик,
профессор:

Алғашқы ұстазым анам еді

Ұстаз дегенде, менің көз алдыма ең алдымен туған анам – Күлшария Дүйсебайқызы келеді. Алғашқы сауатымды ашып, бастауыш сыныптарда білім берген де – сол кісі. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болған анам өте білікті педагог еді. Оның тәлімі мен тәрбиесі өмірімде ерекше із қалдырды.

Мен өзі туғаннан солақаймын. Анам сол қолымды белдігіммен қосып байлап, оң қолыммен жазуға үйретті. Содан бері жазуды тек оң қолыммен жазсам, домбыраны әлі күнге дейін сол қолыммен тартамын. Бұл да өмірімдегі ерекше дағдыға айналды. Ең бастысы, анам маған әліппені үйретіп, білімге деген алғашқы қадамыма жол ашты. Ол кісінің кітап оқуға баулығаны менің жазушы болып қалыптасуыма үлкен ықпал етті. Әдебиетке деген құштарлығымның қайнар көзі – анамның бойымызға сіңірген осы әдеті.

Кейін ауылымыздағы қазақ сыныптары жабылып, Шелек ауылындағы С.М.Киров атындағы мектепте білімімді жалғастырдым. Ол жерде де тамаша ұстаздар жолықты. Мәселен, химия пәнінен сабақ берген Нұртазин ағай әлі күнге дейін есімде. Оның әр формуласы, әр түсіндіруі санаға шегеленіп қал-

ғандай. Ал кейін Абай мектебінде сынып жетекшіміз болған Кеңесжан Жұмабекова апай бізге қамқор болып, мектепті аяқтағанша бағыт-бағдар берді.

Ұстаз – мәңгілік ұғым. Бізге білім мен тәрбие берген қасиетті жандардың еңбегі ешқашан ұмытылмайды. Алдағы Мұғалімдер күні қарсаңында өмірден өткен аяулы ұстаздарымызды еске алып, рухтарына дұға бағыштаймыз. Алла Тағала оларды рақымына бөлеп, екі дүниенің бақытына жеткізсін деп тілеймін.



Қали СӘРСЕНБАЙ,
жазушы:

Өмірлік ұстаным мен адамдық қасиетті үйрендік

Болашаққа жасалатын ең үлкен қадам – мектептен басталады. Мектеп – білім ғана емес, ең әуелі үлкен тәрбие ордасы. Біздің бала кезімізде әр пән мұғалімі оқушыға білім беріп қана қоймай, оның қызығушылығын оятуға, өмірге жол сілтеуге тырысатын. Біз де сол ұстаздарымызға еліктеп өстік.

Әл-Фараби бабамыздың «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы» деп айтатыны бар емес пе?! Расымен де, ол заманда ұстаздар жан-жақты, әрі білімді, әрі өнерлі еді. Мәселен, бізге химиядан сабақ берген Ынтымақ Ерғараев ағайымыз мектептің оркестрін басқарды. Сол кісіге қызығып, біз де оркестрге қатысып, домбыра үйреніп шықтық. Ал әдебиет пәнінен қазіргі белгілі балалар жазушысы Пернебай Дүйсенбин сабақ берді. Ол кісі сабақты ерекше әдіспен түсіндіретін. Мысалы, Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын немесе «Күйші» поэмаларын өткенде ескі патефонын әкеліп, қобыз күйлерін қойып қоятын. Сабақ сол саздың аясында өтетін. Мұндай әсерлі сабақтар қалайша оқушыны баурап алмайды?! Әдебиетке, жалпы өнерге деген ынтамыздың оянуына сол ұстаздардың ықпалы зор болды.

Сол жылдары бізді алғашқы болып тәрбиелеген класс жетекшіміз Рысжан апай мен Күләй апайды да ұмытпаймыз. Олар әр баланың жүрек лүпілін еститін ерекше мейірім иелері еді. Ахмет Байтұрсынұлының «Мұғалім – мектептің жүрегі» деген сөзі осындай жандарға қарата айтылса керек.

Біз ұстаздарымыздан өмірлік ұстаным мен адамдық қасиетті үйрендік. Мамандық таңдауда да, өмірлік жар таңдауда да, азамат болып қалыптасуда да мектептің орны бөлек. Сондықтан адам баласы үшін ата-анадан кейінгі ең қарыздар жан – ол мұғалім деп ойлаймын.

Әзірлегендер
Нұржамал ӘЛІШ,
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



МИССИЯСЫ



Мұрат МҰСАҰЛЫ,
Алматы қалалық
мәслихатының депутаты:

ӨТЕ ТАЛАПШЫЛ ӘРІ БІЛІКТІ ТҰЛҒАЛАР ЕДІ

Маған өте жақсы, білімді ұстаздардан тәлім алу бақыты бұйырды! Ең алдымен – ол менің Анам, Амантай Серікқызы. Қазақ тілі пәнінен ұстазым болды, өйткені мен орыс мектебінде оқыдым.

Әлия БӨПЕЖАНОВА,
сыншы, мәдени сарапшы, ҚР еңбек
сіңірген қайраткері, «Алаш» және
Махамбет атындағы халықаралық
сыйлықтардың лауреаты:

КҮНІ БҮГІНГЕ ДЕЙІН ЖАНЫМА НӘР БЕРЕДІ

Ұстаз деген сөз мен үшін ерекше қадірлі, қастерлі. Өйткені, Ұстаздар әулетіненмін. Бұл тақырыпта сөз қозғағанда, аздап өмірбаяндық деректерді айтуға тура келеді. Алғашқы ұстаздарым ата-анам болды. Анам Жұмагүл Жазкенқызы бастауыш сыныпта оқытса, әкем Қаһарман Бөпежанұлы білім саласында басшылық қызметтер атқарды, мектепте сабақ берді.

Айнала жұрт анамды «Бибәтима» деп атаушы еді. Заманының білімді, бекзат қыздары Шолпан Ілиясқызы, Шекер Мұстафина, Манат Кәдірова, Хатша Әбілқеліні, Манат Төленді, сондай-ақ бүгінде көрнекті географ-ғалым Әлия Бейсенова, тағы басқалармен жақсы дос-құрбы болған, бастауыш сынып және тарих пәнінен сабақ беріп, сүйікті мұғалім атанған аяулы анам Жұмагүл – өзекті өртеген өкініш сол, ертерек дүние салды. Маған сәби кезімнен кітап оқып беретін, бес жасымда мектеп кітапханасына жаздырған анашымның мейірімге толы үні үнемі құлағымда...

Әкем Қаһарман қазіргі әл-Фараби атындағы ұлттық университетті үздік бітіріп, сонда оқытушылыққа қалдырылғанымен, ағасының халық жауы болып ұсталып кетуіне байланысты елге, Сарысуға оралып, саналы ғұмырын жас ұрпаққа терең білім мен саналы тәрбие беруге арнады. Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген мұғалім, КСРО білім беру үздігі құрметті атақтарын алды, елге өте қадірлі, жан-жақты тұлға еді. Отбасымызда Кітап культ болды. «Жүз жақсы кітапты жақсылап оқыған адам академиялық білім алады» дейтін әкем балаларымен оқыған кітап туралы ғана емес, әр тақырыпқа емін-еркін сөйлесетін. Ал өзіме нағыз Ұстаз әкемнен үлкен дос, пікірлес, мұраттас болғаным күні бүгінге дейін жаныма нәр береді.

Біз он жылдық мектепті бітірдік, талай мұғалім сабақ берді, сынып жетекшісі болды. Әрқайсысының да еңбегі бар. Ал әдебиет пәнінің мұғалімі Ескермес Ескендіров, сынып жетекшім, математик Ұлжан Мұқашева,

неміс тілінің мұғалімі Мария Штабель және музыка маманы Даниил Эйбовты ерекше құрмет тұттым. Мектеп қабырғасында жүріп жазуыма өзі де ақын Ескермес ағайдың көп әсері болды (Ескермес ағаның балалары Қанат, Рая, Абай Ескендірлер де шығармашылықта белгілі есімдер). Мақала, әңгімелерім аудандық, республикалық басылымдарда жарияланды.

Қазіргі Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Филология факультетіне түсуіме де әдебиетке деген қызығушылығым себеп. Ғылыми-әдеби, имани әлеуеті мықты ортада небір мықты ғалым-ұстаздар болды. Солардың ішінде қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш әдебиеттанушы ғалым, сыншы, Мәншүк Мәметованың анасы Әмина Мәметованың дәрістерін тыңдадық. Әсіресе, үлкен рухани кеңістіктерге жол көрсеткен хас ғалым, әдебиет теоретигі Зәки Ахметов, көрнекті түркітанушы, руналық жазуларды бізге алғаш үйреткен Алтай Аманжолов, шетел әдебиетінің маманы Клавдия Кочетоваларды терең білімі мен білігі, биік мәдениеті, зиялылығы үшін шын ұстаз тұттым. Мектепке тым ерте барғандықтан, институтты он тоғыз жасымда аяқтаған мен сол кездегі талап бойынша туған жеріме оралып, мектепте қазақ және орыс тіл-әдебиеттерінің мұғалімі болып қызмет еттім, жақсы тәжірибе алдым. Екі жылдан соң Алматыға оралып, ҚазМУ-дің аспирантурасына түстім. Ғылыми жетекшім көрнекті ғалым, филология ғылымының докторы Ханғали Сүйіншәлиев болды.

«Ұлтқа қызмет – мінезден» демекші, әдебиет тарихын зерттеудегі үлкен еңбегі өз алдына, ҚазМУ-дің Әдебиет кафедрасында ерекшеленіп тұратын бір ғажайып жан; жазуы, іргелі ғылымынан да, көркем мінезінен де үлгі аларлық тұлға еді. Заманауи әдебиет сыңға келген сонау 80-жылдары алғашқы бейресми ұстаздарым сыншылар Төлеген Тоқбергенов, Мұрат Әуезов пен Сағат Әшімбаев болды. Ал сәл кейініректе уақыт идеялары тұрғысынан Зейнолла Серікқалиев, нығыз-ты-

Әліппені алғаш үйреткен ұстазым – Алефтина Андреевна. Ол менің алғашқы мұғалімім, өте талапшыл әрі мықты педагог еді! Сондай-ақ, ол кісі кезінде Анамның да ұстазы болған. Маған осындай керемет мүмкіндік бұйырды. Алефтина Андреевна біліміме де, өміріме де берік негіз қалап берді. Сонымен қатар, Валентина Александровнаны атап өткім келеді. Ол – жоғарғы сыныптардағы сынып жетекшім, математика, алгебра және геометрия пәндерінің мұғалімі. Мені стратегиялық, кеңістіктік, шығармашылық және сараптамалық тұрғыда ойлануға үйретті. Осындай тамаша педагогтердің арқасында мектепті үздікке (медальмен) аяқтадым. Әрқашан ұстаздарымды мақтан тұтамын және олардың ең үздік әрі кәсіби мамандар болғанына сенімдімін!

ғыз жазу, стиль ұштау тұрғысынан, әріне, Асекең, Асқар Сүлейменов.

Ұстаз болу, шыны керек, екінші бірінің қолынан келе бермейді. Нағыз ұстаз жан-жүрегімен де, білім-білігімен де айналасын нұрландырып тұрады. Осындай ұстаздарымды еске алсам, оқысам, рухтары пейіште шалқығай! Жаным нұрланады, ойым ұшталады, енді бір есептен, жаңа білімге ұмтылдырады.

Мен жасампаз білімді, мәдениетті адамдарды жақсы көремін. Білімді адам жаққан шам сияқты. Тәрбиесіз берілген білім қауіпті деген бар. Меніңше, жасампаз білімді адам тәрбиесіз, мәдениетсіз болуы мүмкін емес. Олар өзінің дүниеәуи «мені» үшін көзге ұрар алғы шепте жүрмейді. Осынысымен де кім-кімнің де орнын анықтап береді.

Бүгінде өздеріне «ұстаз» деп айдар тағып алғандар қатары көбейді. Ақыретпен қорқытатын, сөзі мен ісі қайшы діншілдер; бүкіл өмірін қалың көпшіліктің талқысына салып, өзінің де, өзгенің де жан-дүниесін жалаңаштап «емдеуді» бизнесіне айналдырған небір психолог-коучтар; қаптаған желілі маркетингтердегі – не сатып, не қойып жүргенін білмейтін бикештер; ақысын жақсы төлесе, бәлкім, қарақшыға да барып ән салып беретін, бір парасы өмір-салттарын сатып, енді бір парасы миға сыймайтын алыпсатарлықпен байып және соны мәртебе көріп жүрген, ұлт мақтанышы Димаш айтқандай, өнерлерін тым асыра бағалаған шоу-бизнес өкілдері, тағы да басқа... Ондайларға қарайламау, әсіресе, жастарға, жеңіл жолға алданбау игі.

Нағыз ұстаздар балабақшаларда, мектептерде, жоғары оқу орындарында алау-жалаусыз-ақ жауапты да, бәлкім, қайтарымы бірден көрінбейтін қызметтерін ақ-адал атқарып жүр. Дәстүрдің озығы мен пайдалы жаңаны үйлестіріп, Жаңа заманға сай білім игерген, заманауи болу талантын меңгерген мұғалімдер, ұстаздар қатары уақыт өткен сайын көбейіп келе жатқанын көріп-танып қатты сүйсінемін.

Мереке құтты болсын, Ұстаздар! Білім саласының барлық қызметкерлеріне Ұстаз болу бақытын, ол үшін үнемі ізденіс, жемісті еңбек, мықты денсаулық тілеймін!

Әзірлеген
Дана
САДЫРҚАН.



МАРАПАТ

ГҰЛЖАН ҚҰРБАНҚЫЗЫ – «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы»

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағымен №1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогтік колледжінде көп жылдар бойы саналы ғұмырын жастарға білім мен тәрбие беруге арнап, бүгінде құрметті зейнеткерлік демалысқа шыққан ұлағатты ұстаз Гүлжан Құрбанқызы Кенжеева марапатталды.



Ұлағатты ұстаздың еңбегі лайықты бағасын алды. Бұл – Гүлжан Құрбанқызының білім беру ісіне қосқан көп жылғы еңбегінің өтеуі, жас маман дайындаудағы кәсіби біліктілігінің дәлелі. Мәртебелі марапат – парасатты жанның ұстаздық қызметіне деген құрметтің белгісі.

Кенжеева Гүлжан Құрбанқызы 1987–2024 жылдар аралығындағы 37 жылда №1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық

колледжінде биология пәнінің оқытушысы, әдіскер, ақпараттық технология және оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі директордың орынбасары болып қызмет атқарды. Ол кісінің басшылығымен ұжымдағы оқу-әдістемелік жұмыс болашақ маман дайындаудың деңгейін көтеруге бағытталды. Білікті ұстаз колледжілік бақылау жүйесін жетілдіруге, колледждің оқу ақпараттық, инновациялық қызметін дамытуға көп еңбек сіңірді. «Талантты мұғалім – дарынды балаларға» VII Республикалық педагогикалық олимпиадасындағы студенттер командасының креатив жетекшісі (1-орын), «WorldSkills Kazakhstan–2016» ұлттық чемпионатының креатив жетекшісі (1-орын) болды.

Колледж білім алушылары Гүлжан Құрбанқызының жетекшілігімен бастауыш білім беру мұғалімі, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі біліктіліктерінен «WorldSkills Almaty» (2021, 2023, 2024 ж.ж.) 1-2-орындар иеленді, «WorldSkills Kazakhstan» (2021, 2024 ж.ж.) байқауына қатысуға жолдама алды.

Өз пәнін оқытудың әдістемесін және мазмұнын жетік меңгерген жоғары дәрежедегі жоғары санатты ұстаз Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, «Ыбырай Алтынсарин» белгісінің иегері атанды. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының Алғыс хатымен және ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен наградталды.

БАЙҚАУ

2012 жылдан бері дәстүрге айналған қалалық «Үздік педагог» конкурсы биылғы жылы он үшінші рет ұйымдастырылып отыр.

ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Алматы қаласы Білім басқармасының 2025 жылғы 5 тамыздағы №481 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, бастауыш, негізгі және жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері арасында «Үздік педагог» конкурсы өткізілді.

Конкурстың негізгі мақсаты – педагог мәртебесін көтеру, білім беру саласында жоғары жетістіктерге жеткен педагогтерді анықтау және марапаттау.

Конкурстың I аудандық кезеңіне орта білім беру және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 64 педагогі қатысуға ниет білдірді.

Бірінші кезеңге қатысқан 64 педагогтің 39-ы қалалық кезеңге жолдама алды.

Байқаудың қалалық II кезеңінің қорытындысы бойынша жеңімпаздарға «Үздік педагог» атағы берілді, жалпы орта білім беру ұйымдарының және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 18 педагогі, сондай-ақ Білім басқармасынан педагогтер Құрмет грамоталарымен марапатталды.

«Үздік педагог» байқауының республикалық III кезеңіне жалпы орта білім беру ұйымының 8 педагогі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 2 педагогі жіберілді.

Сонымен бірге, «Үздік педагог» атағын беру қағидаларының 54-тармағына сәйкес республикалық кезеңге қатысқан, бірақ онда жеңімпаз болмаған «Үздік педагог» конкурсының II кезеңінің (қалалық) жеңімпазына өңірлік комиссияның шешімі бойынша «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 6-тармағына сәйкес жергілікті бюджет есебінен бір реттік сыйақы төленеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЗЕРДЕ



АХМЕТ ТАҒЫЛЫМЫ:

Ұлт ұстазының рухани мұрасы дәріптелді

Алматы мемлекеттік бизнес колледжінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының рухани мұрасын дәріптеуге арналған «Тіл тірегі – Ахмет тағылымы» атты тағылымдық іс-шара өтті.

Дана САДЫРҚАН

Аталмыш іс-шара ұлттық руханиятты, ана тіліміздің қадір-қасиетін ұлықтау, жас ұрпақтың бойына патриоттық құндылықтарды сіңіру мақсатында ұйымдастырылды. Рухани пікірталас алаңында ұстаздар мен студенттердің мазмұнды баяндамалары оқылып, Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері таныстырылды.

– Қазақтың зиялылары мен көшбасшыларының бірі – ұлттың ұлы ұстазының Алаш тарихындағы орны бір төбе. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлының туған күнін Қазақстан халқы тілдері күнімен түйіндеп жатырмыз. Осындай іс-шаралардың өткені бізді қуантады. Бүгінде Ахмет Байтұрсынұлының музейінде түрлі зерттеумен айналысамын. Тағылымды іс-шараның өткені көпті қуантты, – деді Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйінің аға ғылыми қызметкері Әділет Ахмет.



Суреткер: Түркер Қайыр ҚОНЫСЫБЕК

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айсұлу ОЙСЫЛБАЙ, ахметтанушы, филология ғылымының кандидаты:

МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНА ЕНГІЗІЛУ КЕРЕК

Алаш қайраткерлерінің бір сөзі болса да жас ұрпақтың есінде қалса, болашаққа деген көзқарас өзгерер еді. Әсіресе, біздің алаштанушылардың жолымен жүрсе, өмірде ешкім қателеспейді. Мен Абай Құнанбайұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы туралы «Ұлылар үндестігі» деп аталатын баяндама дайындадым. Абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедханұлының «Абай мұрагерлері» деп аталатын кітабында Шәкәрім бастаған Абай шәкірттері: Көкітай, Тұрағұл, Көкбай және Абай мұрагерлері ретінде Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабай және Ж.Аймауытұлының аттары аталады.

Ұлт ұстазының қазақ халқына сіңірген еңбегі орасан. Оның шығармашылығының ішінде өлеңдері мен мысалдарын оқыту әлі де жеткіліксіз. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін қайраткердің шығармашылығы мектеп бағдарламасына енгізілуі керек. Қазақтан шыққан ұлы тұлғаны әлемге танытуымыз қажет.

ОЙТАЛҚЫ

ҚАЗАҚ КИНОСЫ

талғам мен талап таразысында тұр

Кино – халықтың рухани айнасы. Куақыт тынысын бейнелейтін ерекше өнер түрі. Қазақ киносы тақырыбында талас-тартыс аз емес. Кейінгі жылдары бұл салаға қан жүгіріп, сең қозғалғандай болды. Көрерменнің талғамы да біртіндеп өсіп, сапалы дүниеге деген сұраныс артып келеді. Осы орайда, қазақ киносының бүгінгі ахуалы мен даму бағыты туралы жылдар бойы осы салада еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі кинотанушылар – Алма АЙДАР және осы тақырыпқа орай Баубек НӨГЕРБЕК ой өрбіткен еді.

Гүлжанат СЕМБАЕВА



Алма АЙДАР, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының доценті, кинотанушы:

РЕЖИССЕРЛЕР КӨРКЕМДІК ҚҰРАЛДАРЫ БАТЫЛ ҚОЛДАНЫП ЖҮР

Қазіргі кезде қазақ киносы өте қарқынды даму үстінде. Кейінгі төрт-бес жылдағы динамикаға қарасақ, фильмдердің саны айтарлықтай арты. Оның ішінде мемлекет қаржыландыратын Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік қоры аясында түсірілген туындылар да, жеке инвесторлардың қаражатына және шетелдік компаниялармен бірлесіп түсірілген фильмдер де бар. Бұдан бөлек, қордың өз продакшндық фильмдері шығып жатыр. Мысалы, былтыр экранға 100-ге жуық фильм шықты. Олардың ішінде авторлық та, коммерциялық та картиналар кездеседі. Бұл – қуанатын үдеріс. Өзгерістерге келсек, бірінші кезекте жанрлық тұрғыда түрлену байқалады. Бір кездері комедия, той фильмдері тым көбейіп, үлкен мәселеге айналды. Қазір Қазақ кинематографиясы әр алуан жанрмен толыққандай. Қорқынышты фильмдер (horror), триллерлер, сондай-ақ комедия жанрының өз ішінде әртүрлі субжанрлар бойынша да фильмдер түсірілуде. Әрине, бұл – оң тенденция. Өйткені, ізденіс арқылы жаңа идеялар туындайды, жаңа тақырыптар ашылады. Мұны қазіргі қазақ киносына тән құбылыс деуге болады. Стильдік ізденістер де бар. Әр кезеңде өзіндік стильдік ерекшеліктер болған, бүгінде режиссерлер жаңа тәсілдер мен көркемдік құралдарды батыл қолданып жүр.

«ҚАЙТАДАН»: ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ СҰРАНЫСЫН МЫҚТАП ЗЕРТТЕГЕН

– Кейінгі жылдары мемлекет тарапы 34 дебюттік фильмге қолдау көрсеткен екен. Жақында прокатқа шыққан «Қайтадан» фильмі де сол қатарда. Көрермен жоғары бағалады, Сіз қалай бағалайсыз?

– «Қайтадан» – билығы ең табысты фильмдердің бірі. Кассадағы жиынтығы бір миллиард теңгеге жетті. Бұл фильмнің басты ерекшелігі – қаһарман бейнесінің қайта оралуы. Қазақ киносының үлкен мәселелерінің бірі – қаһарман мәселесі. Бұл фильмде бас кейіпкер басында қарапайым, оқиғаға араласпайтын адам ретінде көрінеді. Бірақ оқиға өрбейген сайын ол елді құтқаратын нағыз батырға айналады. Қазақ көрермені мұндай құбылысты көп күтті. Халық бүгінгі экраннан үміт сыйлайтын, жақсылыққа жетелейтін қаһарманды көргісі келеді. Бұл фильм нақты бір жанрға негізделіп, оның барлық заңдылығын сақтап, түсірілген. Көбіне бізде белгілі



Коллаж жасаған Нұрбекан ОРСУЛЫ.

бір жанр таңдалғанымен, ол толық ашылмай жатады. Ал бұл жағдайда фильм апат жанрында түсіріліп, барлық ерекшелігін көрсете білді. Яғни апат тақырыбын қозғай отырып, оның алдын алу жолдарын, қоғамды біріктіретін ортақ құндылықтарды көтерген.

– Десек те, сыншылар қарапайым көрермен сияқты емес, әр туындыға басқаша қарайды...

– Әрине, кез келген фильмге сыни тұрғыдан қарауға болады. Дегенмен, бұл жолы көрерменді тартқан факторды атап өту керек. Фильмнің табысты болуына себеп болғаны – ортақ идея дер едім. Қоғамды біріктіретін, елді тұтастыратын ой. Бізге осы уақытқа дейін дәл осындай элемент жетіспей келген еді. Халық батыр бейнесін, қаһарманды аңсап жүрді. Сондықтан фильмнің үлкен резонанс тудырғанын, әрі өзекті қоғамдық мәселелерді көтергенін айтуға болады. Оның үстіне туындыда қозғалған оқиғалар – алыстағы тарих емес, әлі де ел жадында тұрған үлкен трагедиялар. Сол арқылы «ұлт болып біріге білсек, кез келген қиындықты еңсереміз» деген ой берілген.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Баубек НӨГЕРБЕК, кинотанушы:

ӨНЕРДЕГІ БЕЙҚАМДЫҚ ҰЛТТЫҚ ҰМТЫЛЫСТЫҢ ҚАРҚЫНЫ БӘСЕНДЕТЕДІ

Бізге киноредактура жетіспейді. Бүгінде фильмдердің шамамен, 80 пайызында «киноредактор» деген маман жоқ. Бұрын мұндай қызмет болған және оны негізінен кинотанушылар атқаратын. Өйткені, киноның теориясын жақсы білетін, кәсіби дайындалған мамандар редактурға жауап беретін. Кейін бюджетке байланысты қажет емес деп сананды. Бірақ оның теріс салдары байқалып жатыр. Фильмдерде оқиға желісінің үзілуі, кейіпкерлер мотивациясының жетіспеуі немесе қисынсыз жайттарды жиі байқаймыз. Монтáž жағынан да қателіктер көп. Мысалы, қарапайым «сегіздік әдісі» бар. Ол екі кейіпкерді кезекпен, арқа жағынан көрсету керек. Ал бізде жақтан түсіріп жібереді. Соның салдарынан көрермен кейіпкердің қай жаққа қарап отырғанын түсінбей қалады. Редактордың міндеті – осындай сәттерді қадағалау. Телевизияда, әсіресе, франшизамен келген реалистік шоуларда сол жағынан қатал талап қояды. Редактор материалды жинап, монтážдың қаңқасын құрып береді, кейіпкерлердің кезектесуін, сөздердің ретін қадағалайды. Кейбір нәрселерді оператор мен режиссер байқаймай қалуы мүмкін. Сондықтан кино саласына қайтадан кинотанушы-редакторлардың араласуы аса қажет.

РУХАНИЯТ



alatauqparat@gmail.com

тетін терең білуді қажет етеді. Өкінішке қарай, біздегі комедиялар осы талапқа сай келе бермейді. Ал тарихи жанрға қадам жасау – өте үлкен жауапкершілік. Тарихты біліп, тарихи тұлғаның болмысын дұрыс әрі жан-жақты ашу керек. Өйткені, экранға шығатын бейне – жәй кейіпкер емес, ол – халықтың санасындағы тарихи тұлға. Оны көрсету үшін авторлар біраз дайындалуы керек. Одан бөлек, қаржылық фактор да әсер етеді. Реквизит, декорация, костюм, арнайы орындар – барлығы да үлкен шығынды талап етеді. Сондықтан режиссерлер ол тәуекелге бара бермейді. Әрине, сценарийлер жазылып жатқан шығар, бірақ олардың көркемдік деңгейі әлі үлкен экранға лайық болмауы мүмкін. Дегенмен, бізде дарынды режиссерлеріміз бар. Болашаққа үміт те жоқ емес.

КӨБІНЕ ТҰЛҒАНЫ ИДЕАЛИЗАЦИЯЛАЙМЫЗ...

– Тарихи-биографиялық фильмдер жайлы пікіріңіз қандай? Елгі мәлім тұлғалардың экрандағы бейнесі бұрмаланып, көрермен сынына ұшырап жатады...

– Тарихи бейнелерді экранға әкелу оңай емес. Режиссер Абай туралы фильм түсіру үшін өзі де Абай секілді тұлғаның деңгейіне сай болуы керек. Өкінішке қарай, кей режиссерлерде осындай үлкен тұлғалар алдында ішкі бір имену бар.

«Мұстафа Шоқай», «Аманат», «Біржан сал», «Құнанбай», «Мұқағали. Бұл ғасырдан емесін», «Ахмет. Ұлт ұстазы», «Бекзат» сынды фильмдер жарық көрді. Дәл осы бағыттың жандануына тарихи сериалдар да ықпал етіп десе санаймын. Бірақ сериалдардың тез әрі қаржы талшы жағдайда түсірілуі тұлғалардың бейнесін толық аша алмады. Дегенмен, «Абай жолы» сериалын мысалға алуға болады. Ол жерде кейіпкердің ішкі қақтығысы жақсы берілген. Сондай-ақ, «Оян, қазақ!» фильмі де өз кезінде жақсы бағаланды.

Өкінішке қарай, біздегі тарихи фильмдерде кейіпкердің тек бір қыры ғана көрсетіледі, ал оның пенделік болмысы көрермен назарынан тыс қалып жатады. Яғни біз көбіне сол тарихи тұлғаны идеализациялаймыз. Ал шын мәнінде әр адамның ақ пен қарасы, жақсы-жаман жағы бар. Голливудтың үздік биографиялық фильмдерінде кейіпкер қоғаммен ғана емес, өз-өзімен де күресетін жан-жақты тұлға ретінде көрсетіледі. Бізде дәл осы тереңдік жетіспейді.

Биографиялық фильмдер әрқашан өзекті. Өйткені, әр көрерменнің ойында қалыптасқан өз Абайы, өз Мұқағалиы бар. Сол бейнені экрандағы кейіпкермен салыстырып отырады. Сондықтан авторлар тарихи тұлғаның шынайы болмысын аша алды ма деген сұрақ әрдайым туындайды.

СЕРИАЛ МЕН ФИЛЬМНІҢ СПЕЦИФИКАСЫ ӘРТҮРЛІ

– Көрермен назарына ұсынылып жатқан фильмдердің сапа деңгейіне не айтасыз, қазақ киносында қандай мәселелер өзекті?

– Техникалық тұрғыдан алға жылжу бар, бірақ санның көптігі сапаны басып озды десек болады. Қазір жылына жүзге жуық фильм түсіріліп жатыр. Әрине, бұл рекордтық көрсеткіш. Дегенмен, дыбыс, графика, монтáž сияқты техникалық тұстарда да, әсіресе мазмұндық деңгейде де әлі айтарлықтай жетістіктер жоқ.

Кино өнеріндегі ең күрделі түйткілдердің бірі – тіл мәселесі. Фильмдердің шамамен, 70%-ы қазақ тілінде түсірілсе де, басым бөлігінде таза қазақ тілінде сөйлеу сақталмайды. Кейіпкерлер қазақшаға орысша араластырып сөйлейді. Бұл көрерменге дөрекі әсер қалдырады әрі тілді құрметтемеу болып саналады.

Мысалы, көркемсуретті фильмнің өзіне тән спецификасы бар, ал телесериалдың өзіндік ерекшелігі бөлек. Сериалға сценарий жазып жүрген авторлар көбіне үлкен киноға ауысқанда өзімен бірге сол телесериалдың құралдары мен ерекшеліктерін қолданғысы келеді. Бірақ ол үлкен кинода өтпейді. Себебі, үлкен киноның өзіндік ерекшеліктері бар. Бұған қоса, актерлер де, басқа мамандар да бар. Кино – ең көп кәсіби ұжымды қажет ететін өнер түрі. Дәл осы кәсібиліктің жетіспеуі – басты мәселелердің бірі.

КОНФЕРЕНЦИЯ



ОТАНДЫҚ ТАРИХИ ҒЫЛЫМ:

жаңа көзқарастар, тың тәсілдер

Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының 80 жылдық мерейтойына орай «Отандық тарихи ғылым және сабақтастық мәселелері: академиялық ізденістер, жаңа көзқарастар мен тәсілдер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Іс-шара қазақстандық және әлемдік тарихи ғылымның өзекті мәселелерін талқылауға, ғылыми мұраны саралауға, сабақтастық мәселелері мен заманауи әдістемелік тәсілдерді талдауға арналған маңызды ғылыми әрі қоғамдық алаңға айналды. Қазақстан мен шет мемлекеттердің жетекші ғалымдары мен зерттеушілері, академиялық қауымдастық өкілдері, жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары, сондай-ақ қоғамдық және мемлекеттік құрылымдардың өкілдері қатысты.

Ғылыми жиында тарих ғылымындағы жаңа бағыттар, методологиялық ізденістер, тарихи жад пен ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелері кеңінен талқыланды. Сонымен қатар, қазақстандық тарихшылардың соңғы жылдардағы зерттеу жетістіктері мен халықаралық ынтымақтастық аясында атқарылған жұмыстар да сараланды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жомарт ЖЕҢІСҰЛЫ, Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты бас директорының халықаралық мәселелер бойынша орынбасары:

ӘР БАҒЫТ БОЙЫНША ЖҮЙЕЛІ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Бұл конференция отандық тарихи ғылымындағы сабақтастық мәселелерін жаңаша пайымдап, жаңа көзқарастар мен әдістемелерді талқылауға мүмкіндік берді. Сексен жылдың ішінде біздің институт ең алдымен Қазақстандағы тарих ғылымы ашық алаңына ғалымдар ғылыми мекеме ретінде қалыптасты. Кейін зерттеу ауқымы кеңейіп, әр кезең бойынша үлкен еңбектер атқарылды. Тәуелсіздік жылдары айтсақ, бұрын зерттеуге тыйым салынған тақырыптар кеңінен қарастырылды. Соңғы төрт-бес жылдың ішінде де елеулі жетістіктерге қол жеткіздік. Мәселен, кадр даярлау бойынша айтарлықтай жұмыс атқарылды. Шығыс тілдерін меңгерген тарихшыларды жұмысқа тарттық. Ортағасырлық деректерді зерттеу үшін парсы, араб, қытай тілдерін білетін мамандар қажет болды.

Сонымен қатар, ашаршылық пен қуғын-сүргін құрбандарын зерттеу бойынша да үлкен нәтижелерге жеттік. Бұрын жабық болған тақырып қазір ашық зерттеліп жатыр. Архивтердің қолжетімді болуы бізге мол мүмкіндік берді, нәтижесінде томот кітаптар шығарылуда. Мысалы, отызыншы жылдардағы қуғын-сүргін құрбандарына байланысты жырмаша томдық жинақ дайындалуда. Өңірлер бойынша да ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр.



ФУТБОЛ

ЖАҢАНДЫҚ ДОДА МЕРЕКЕСІ

Алматыда УЕФА Чемпиондар лигасының топтық кезеңі аясында
«Қайрат» пен «Реал Мадрид» кездесті

Бұл – алматылық команданың Еуропаның үздік турнирін өз алаңында алғаш рет қабылдауы. Бұған дейін жарыстың алғашқы турында Рафаэль Уразбахтиннің тәлімгерлері Португалияға барып, «Спортингпен» ойын өткізген болатын. Ол матч алаң қожайындарының пайдасына шешілген еді.



Досбол
АТАЖАН

Мегаполиске 5 мың мейман келді

Алматыға әлемге ең танымал футбол клубтарының бірі, Чемпиондар лигасының 15 дүркін чемпионы – «Реал Мадрид» командасының келуі тек қазақстандық қана емес, шетелдік жанкүйерлердің де назарын аударды. Оның дәлелі – матч қарсаңында мегаполиске 5 мыңнан астам шетелдік мейман келген.

Ал еліміздің өзге өңірлерінен келген жанкүйерлерді қосқанда жалпы туристер саны 10 мыңнан асады. Негізгі туристер легі – Қытай, Үндістан, Ресейден, сондай-ақ Жапония, Ұлыбритания, Испания, Чехия және өзге де Еуропа мемлекеттерінен. Mastercard компаниясының мәліметінше, Алматыға келген шетелдік туристің орташа шығыны шамамен, 1500 АҚШ долларына жеткен. Бұл қаржыға қонақ үйде тұру, тамақтану, көлік, ойын-сауық пен сауда кіреді. Мұндай шығындар шағын және орта бизнестің дамуына серпін беріп, қызмет көрсету саласын жандандырып, қала экономикасына мультипликативті әсер ететіні сөзсіз.

Сондай-ақ, Алматыға миллиондаған аудиториясы бар 15 испандық журналист пен блогер келді. Сапар аясында шетелдік қонақтар Алматының туристік және



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙУЛДЫ

мәдени әлеуетімен танысу үшін «Шымбұлақ» тау-шаңғы курортына барды.

УЕФА жарыс өткізетін алаң қожайындарына қатаң талап қояды. Сондықтан әлем назарын аударған матчты өткізу үшін Алматыда біраз уақыт бұрын дайындық басталды. Орталық стадионда жарық беру жүйесі мен инфрақұрылым тексерілді. Киім ауыстыратын бөлмелер жабдықталып, спортшылардың жайлылығы үшін қажетті нәрселермен қамтамасыз етілді.

Стадионның ішкі безендірілуіне ерекше көңіл бөлінді: трибуналар жаңартылды, Алматы қаласының айдентикасы мен стадион сәулетіне сай жаңа көркем суреттер жасалды. Көрерменге ыңғайлы болу үшін 1,5 мыңнан астам орындық ауыстырылды, санитарлық тораптар жаңартылып, қосымша 60 биодәретхана орнатылды.

Ал ойын күні қауіпсіздікті қамтамасыз етуге 2,5 мыңнан аса полицей жұмылдырылды. Сонымен қатар, Алматы гарнизо-

нынан шамамен, 50 әскери қызметкер кезекшілік етті. Жедел жәрдем мен білікті дәрігерлер медициналық қызмет көрсетті. Матч өтетін орында мегаполистің төрт өрт сөндіру бөлімшесінің күштері мен құралдары, сондай-ақ инженерлік-инспекторлық құрам өкілдерін қоса алғанда, шамамен 60 ТЖД қызметкері кезекшілік атқарды. Жанкүйерлердің ыңғайы үшін метрополитен жұмысы түнгі 01.00-ге дейін ұзартылды. Сондай-ақ, Орталық стадионнан алты бағыт бойынша 60 тегін автобус қатынап, жанкүйерлерді қалаға жеткізді.

Алаңдағы арпалыс

23 мың адам жиналған алаңға «Реал Мадрид» негізгі құраммен шықты. Мбаппе, Винисиус, Арда Гюлер сынды үздік ойыншылар матчты алғашқы минуттардан бастады. «Қайрат» бұған дейінгі сапына қатты өзгеріс жасамай, үйреншікті құрамда

шықты. Тек бұған дейін команданың үшінші қақпашысы болған 18 жастағы Шерхан Қалмұрзаны ерекше атап өтуге болады.

Ойын басталған сәтте алматылық ұжымның есеп ашатын мүмкіндігі болды. Алаң ортасынан ойнатылған доп әуелетіп Дастан Сәтпаевқа жетіп, 17 жастағы шабуылдаушы оны қақпаға бағыттады. Алайда, допты Тибо Куртуа тосып алды. Одан кейінгі 10 минутта екі команда өзара аңдысып, алаңға бой үйретумен болды. Ал 14-минутта 7-ші нөмерлі Винисиустың есеп ашатын мүмкіндігі болды. Қақпашымен бірге-бір келген оның соққысы мүлт кетті. Ал 21-минутта Шерхан Мбаппенің өте қауіпті соққысын қайтарды. Алайда, бірер сәттен кейін 18 жастағы қақпашы Франко Мастантуоноға қарсы ереже бұзып, «Қайрат» қақпасына пенальти белгіленді. «Спортингке» қарсы 11 метрлік допты қайтарған Шерхан бұл жолы Мбаппенің соққысын ұстай алған жоқ, есеп – 0:1. Бірінші таймда «Реал Мадрид» ойыншыларының тағы бірнеше өткір шабуылдары болды, алайда есеп өзгерген жоқ.

Ойынның екінші жартысында «Қайраттың» гол соғатын бірнеше мүмкіндігі болды. Дастан Сәтпаев, Луиш Мата, Офри Арад – әрқайсысы испаниялық клуб қақпасына жойқын соққы жасады. Алайда, ешқайсысы қақпаға дарымады, бірде дәл болмады, бірде Куртуа құтқарды. Сондай-ақ, 67-минутта Дани Себальос айып алаңында Громыкоға қарсы ереже бұзғандай көрінді. Төреші алдымен пенальти болатынын көрсеткенімен, VAR бейнеқайталау жүйесін қарағаннан кейін бұл шешімін меймандар пайдасына өзгертті. Ал «Реал Мадрид» өз мүмкіндіктерін мүлт жібермеді. 52 және 73 минуттарда Мбаппе тағы да көзге түсіп, хет-трик авторы атанды. 83-минутта қосалқы құрамнан шыққан Камавинга, кейін 90+3 минутта Браим Диас гол соқты. Ойын 0:5 есебімен «Реал Мадрид» пайдасына шешілді.

БАПКЕРЛЕР ПІКІРІ

Хаби АЛОНСО,
«Реал Мадрид» командасының бас бапкері:

«Қайрат» футболшыларының жанкештілігіне риза болдым

Біз Чемпиондар лигасының ойыны алматылықтар үшін қаншалықты маңызды екенін көрдік. «Қайрат» кездесудің басында өте жақсы ойнады. Ал біз керісінше бұл алаңда өзімізді жайсыз сезіндік және алғашқы минуттарда командалық ойын көрсете алмадық. Бірақ пенальтиден кейін менің командам жақсы ойнай бастады. Жалпы, мен «Қайрат» футболшыларының жанкештілігіне риза болдым. «Қайрат» командасына, Алматыға және Қазақстан мемлекетіне бар жақсылықты тілеймін. Бүгін басты мақсатымызды орындап, жеңіске қол жеткіздік. Негұрлым көп гол соқсақ, соғұрлым жақсы болатынын білдік.



Рафаэль УРАЗБАХТИН,
«Қайрат» командасының бас бапкері:

Мықты қарсыластармен ойнап, тәжірибе жинаймыз

Біздің команданың құны – 12 миллион еуро, «Реал Мадрид» командасының құны – 1,4 миллиард еуро. Олардың бір ойыншысы бүкіл лигамыздың құнымен бірдей. Біз қай жерде тұрғанымызды түсінеміз. Иә, жеңілу көңіл көншітпейді. Дегенмен, «Реал» сияқты клубтармен бәсекелестік арқылы біз тек ойынымызды жақсартпаймыз. Біздің футболшылар мықты қарсыластармен ойнап тәжірибе жинайды. Біз осындай жеңілістер арқылы күшейеміз. Ендігі мақсатымыз – еуропалық додалардың негізгі кезеңдеріне мүмкіндігінше жиірек жолдама алу, сонда мұндай клубтар жыл сайын осында келе алады.





«ALMATY MARATHON-2025»

АЛМАТЫЛЫҚ ДӘРІГЕР

16 мыңға жуық қатысушының ішінде 212-орынды иеленді

Мегаполисте өткен 14-ші «Almaty Marathon-2025» жарысына 60 елден 16 149 адам қатысты. Солардың ішінде 1500 қатысушы толық қашықтықты – 42,2 шақырымды таңдады. Бұл – жалпы қатысушылардың небәрі 9%-ы ғана. Осы ең төзімділердің қатарында күн сайын адам өмірі үшін күресіп жүрген біздің кейіпкеріміз де болды.

Нұржамал
Әліш

Алматыдағы №4 қалалық клиникалық аурухананың анестезиолог-реаниматологы Асқар Тұңғышбаев марафонға медаль үшін қатысқан жоқ. Ол үшін бұл жарыс мамандығының басқа қыры іспеттес: мұнда да сабырлы сана, төзім мен ырғақтың үйлесімі қажет. Ол 984-нөмірмен жүгіріп, мәреге төрт жарым сағаттан кейін жетті. 16 мыңға жуық қатысушының ішінде 212-орынды иеленді.

– Марафонға қатысуымның екі себебі бар: біріншіден, марафоншылар арасында көмекке мұқтаж жандар кездесіп қалып жатса, қолдау көрсету. Екіншіден, өз денсаулығымға көңіл бөлу. Нәтижесінен жүгіру дейсіз бе? Бұл спорт менің өмірімді өзгертті. Бала кезімде



спортшы болуды армандағанмын, сол арманымды жүзеге асырдым. 42 шақырым – көп нәрсені қайта ой елегінен өткізуге мүмкіндік беретін қашықтық. Бұл оңай емес. Мен марафонды өмірмен салыстырамын. Түрлі қиындық болады, оларды бетпе-бет қарсы алған адам ғана жеңіске жетеді. Спорт – менің философиям. Одан тыс өмірді елестете алмаймын. Ол жаңа идея береді, ал кәсіби өмірімде айқын ой сыйлап, әр нәрсеге мұқият болуға үндейді. Анестезиологтың жұмысы күйзеліске әкеледі, ал жүгіру соны жеңілдетеді. Жүгіргенде тек тыныс, қадам және жол болады. Басқаның бәрі жоқ болады, – дейді Асқар.

Спортты сүйетін алматылық реаниматолог-дәрігердің келесі мақсаты – 26 қазанда өтетін Түркістан марафоны. Одан кейін халықаралық стартқа қатысу да ойында бар. Бірақ мамандығында да, спортта да оның ұстанымы бір: асықпай, жүйелі түрде, төзіммен алға басы.

ҚАРТТАР АЙЛЫҒЫ



АСЫҚ АТҚАН АРДАГЕРЛЕР

топ жарды

Қазақтың ежелден келе жатқан құлттық ойындарының бірі – асық ату. Қазіргі аға буын да бір кездері бала болып асық атып ойнаған, ләңгі тепкен. Бүгінде жастар тұрмақ, алматылық ардагер-зейнеткерлер арасында да жыл сайын асықтан турнир өткізу дәстүрге айналған.

Бостандық ауданының Ардагерлер кеңесі Алматы электр-механика колледжінде ұлттық «Асық ату» ойынынан жарыс ұйымдастырды. Оған қаладағы сегіз ауданның зейнеткерлерінен құралған командалар қатысты. Бұқаралық спорт сайысына құрметті қонақ ретінде Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары С.Құрманғалиев, қалалық жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу комиссиясының төрағасы Б.Әлмұхамедов, «Аманат» партиясы Бостандық ауданы филиалының төрағасы Т.Сәбен қатысты.

– Асық ату – қазақ тарихында, мәдениеті мен тұрмысында өзіндік орны бар дәстүрлі ойын. Оның жастарды тәрбиелеудегі рөлі үлкен. Сондай-ақ, асық ату ойыны үлкен мен кішіні біріктіреді. Соның жарқын көрінісі

ретінде біз бүгін жастарға үлгі-өнеге болып, осы ойын түрінен турнир өткіздік, – деді Бостандық аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ж.Саденов.

Ал Алматы электр-механикалық колледжі директорының міндетін атқарушы Ж.Нүсіпжанова бұл турнирдің өздерінде өтіп жатқаны елеулі оқиға деп санайтынын атап өтті.

– Біздің колледжде негізінен ер балалар оқиды. Бұл ойын жастарды ептілікке, дәлдікке, ұтқырлыққа, сұңғыла болуға тәрбиелейді деп білемін. Ал ардагерлермен қатар тұрып ойнауы – үлкендермен бір толқында болуға, бір-бірін ұғынуға, аға буынға қарап бой, ой түзеуіне септігін тигізеді анық, – дейді Ж.Нүсіпжанова.

Барлық команда өкілі шебер ойын көрсетті. Ал ең мықтыны анықтау – ойын шарты. Төрешінің шешімімен тамаша ойын үлгісін көрсетіп, асықты асқан шеберлікпен шиырып тұрып, керемет ойнаған Бостандық ауданының ардагерлер командасы жүлделі бірінші орынды иеленді. Жетісу ауданы – екінші, ал Наурызбай ауданының командасы үшінші орынға орнықты. Жеңімпаздар сыйлықтарға кенелді.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

ШАХМАТ

ӘЛИША, ӘДИНҰР, ДАНИС – әлем чемпиондары!

Алматыда кадеттер арасындағы әлем чемпионаты аяқталды. 12 жасқа дейінгі шахматшылар арасындағы әлем біріншілігі 10 күн Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайында өтті.

Досбол
АТАЖАН

Халықаралық жарысқа 88 елден келген 842 жас шахматшы, оның ішінде Қазақстанның 20 өңірінен келген 229 ойыншы қатысты. Шахмат партиялары классикалық уақытпен (партияға 90 минут және әр жүріске 30 секунд қосылады) өтіп, швейцариялық жүйе бойынша 11 тур ұйымдастырылды. Жарыс қорытындысы бойынша ұлдар (Open) және қыздар (Girls) арасындағы үш жас санаты бойынша жеңімпаздар анықтал-



(Сурет: Қазақстан шахмат федерациясы).

ды: 8 жасқа дейін (O8 және G8), 10 жасқа дейін (O10 және G10), 12 жасқа дейін (O12 және G12). G8 санатында Әлиша Бисалиева топ жарып, алтын жүлде иеленді. Екінші орынға қытайлық Чжу Цзяхэ, үшінші орынға Моңғолиядан келген Болд-Эрдене Целмег жайғасты.

150 адам қатысқан O8 санаты бойынша Әдинұр Әділбек жеңімпаз атанды. Күміс жүлде Фёдор Сидельниковқа (FIDE), қола Ван Юйсюаньға (Қытай) бұйырды. Сондай-ақ, O12 санатында

отандасымыз Данис Қуандықұлы алтыннан алқа тақты. Айта кеткен жөн, ол 2023 жылы 10 жасқа дейінгі санатта әлем чемпионы атанған болатын. Түркия шахматшысы Али Пойраз Уздемир екінші, АҚШ өкілі Итан Гуо үшінші жүлде иеленді. Бұл нәтижелердің арқасында жалпыкомандалық есепте Қазақстан құрамасы жеңіске жетті – 3 алтын. АҚШ-пен жүлде саны бірдей болса да, жарыста жинаған ұпайларының көп болуына байланысты Қытай командасы (1 алтын, 1 күміс, 1 қола) жарысты екінші аяқтады. Үшінші сатыда – америкалық шахматшылар (1 алтын, 1 күміс, 1 қола).

Өзге жас санаттарына тоқталып өтсек. G10 санатында Үндістан өкілі Шарвааника Сараванан, O10 санатында қытайлық Юань Шуньчжэ, G12 санатында америкалық Лейси Ванг чемпион атанды.



СҰХБАТ



Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысы Марат Пашимовтың бұл қызметке келгеніне де үш айдың жүзі болыпты. Жаңа қызмет десек те, Марат Орынбасарұлы медицинаның барлық сатысынан өтіп келе жатқан білікті маман. Сондықтан бұл қызмет те оған бөтен емес.

– Марат Орынбасарұлы, алғашқы күніңізді неден бастадыңыз? Алматылықтардың денсаулығы қалай?

– Ең алдымен медициналық ұйымдардың бірінші басшыларымен кездестім. Осы уақыт ішінде мемлекеттік емдеу мекемелерінің басым көпшілігінде болып, олардың инфрақұрылымымен, жұмыс және материалдық-техникалық жағдайымен, кадр құрамымен және стационарлар мен амбулаториялық деңгейде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, медициналық ұйымдардың күнделікті тәжірибесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану және т.б. көптеген мәселемен таныстым.

Басқарманың стратегиялық міндеті – пациенттер мен медицина қызметкерлеріне қолайлы жағдай жасау және алматылықтарға сапалы медициналық көмек көрсету. Негізгі басым бағыттар тұрғындардың, әйелдер мен балалардың денсаулығын нығайтуға және сақтауға, әлеуметтік маңызы бар аурулардан өлім-жітімді азайтуға бағытталған.

Иә, біз үшін пациенттерге де, медицина қызметкерлеріне де қолайлы жағдай жасау маңызды. Пациент таза, қолайлы емханаға келуі керек. Өйткені, қызметкерлердің қарым-қатынасы ғана емес, сонымен қатар айналадағы тазалық пен жайлылық медициналық ұйымға деген оң көзқарастың қалыптасуына, тіпті ем-домның нәтижелі болуына да дәнекер болады. Әкімшілік, дәрігерлер, орта және кіші қызметкерлер уақытының көп бөлігін жұмыста өткізеді. Жақсы еңбек жағдайы, ыңғайлы жұмыс орны қызметкерлердің ынтасын, еңбек өнімділігі мен тиімділігін де арттырады. Ауруханаларда толық ем алу үшін душ, ыңғайлы дәретханадан бастап, дұрыс тамақтануға дейін барлық жағдай жасалуы керек. Міне, осы мәселелерге баса назар аударудамыз.

– Қала емханалары мен ауруханаларының жабдықталуы халықаралық стандартқа сай ма? Қазір роботтар ота жасап, роботтар дәрі дайындайтын болды, олармен бірге жұмыс істейтін, заманауи технологияның тілін меңгерген мамандар жеткілікті ме?

– Медициналық мекемелердің жағдайы, жабдықталуы әртүрлі. Заманауи ғимараттар бой көтерген, ескіргені де жоқ емес. Жаңадан салынып жатқан денсаулық сақтау нысандарына сейсмикалық жағынан мән беріліп, соны үлгідегі медициналық аппараттармен жабдықталып жатқаны қуантады бізді.

● Алматы онкологиялық диспансерінде бұрын негізінен Еуропа мен АҚШ медициналық мекемелерінде қолданылған «KiroOncology» роботты химиотерапияны дайындау жүйесі енгізілді. Қазақстанда мұндай технология бірінші рет қолданылды. Бұл – онкологиялық тәжірибеде автоматтандыруға және қауіпсіздікті арттыруға бағытталған маңызды қадам.

Ұлттық аккредитацияның жоғары, бірінші және екінші санатын алған ұйымдар бар. Кейбір медициналық ұйымдардың JCI аккредитациядан өту мүмкіндігі бар деп ойлаймын. Бұл аккредиттеу медициналық көмектің сапасы мен қауіпсіздігінің ең жоғары халықаралық

Марат ПАШИМОВ:

ДӘРІГЕРДІҢ БОЛМАШЫ ҚАТЕЛІК ЖІБЕРУГЕ ДЕ ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ

стандартына сәйкестігін растайды. JCI аккредитациясы клиникаға деген сенімді арттырады және медициналық туризмнің дамуына ықпал етеді.

Сондай-ақ, №3 қалалық емханада елімізде алғаш тіркеу орнындағы персоналдың жүктемесін айтарлықтай азайтатын жасанды интеллектімен дауыс беретін роботтар немесе виртуалды көмекші енгізілді. Қазіргі уақытта емханада тұрғындардың мақсатты топтарын медициналық тексерулер мен скринингтерге шақыру үшін дауыстық роботтар енгізілді. Шақыру процесін автоматтандыру медицина қызметкерлерінің уақытын үнемдейді. Дауыстық бот тәулігіне 300-ден астам адамға қоңырау шала алады, оның оң конверсиясы 40%-дан асады және қарсылықтарды өңдей алады.

Бізде цифрлық медицина кеңінен қолданыла бастағандықтан, робототехника саласындағы мамандарды көптеп тарту қажет. Иә, робот көмекшілері медициналық мақсаттағы бұйымдар мен құралдарды тасымалдауда, пациенттердің өмірлік көрсеткіштерін автоматты түрде өлшеуде, оларға күтім көрсетуде және басқа да қосымша функцияларын орындауда пайдалану үшін жоспарланған.

– Жедел жәрдем мәселесі толық шешілді ме? Кешігіп қалып жүрген жоқ па?


– Бүгінгі күні жедел медициналық жәрдем қызметі қала тұрғындарына тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында І–ІІІ санаттары бойынша көмек көрсетеді. Жылдам әрекет етуді қамтамасыз ету үшін қаланың барлық ауданында орналасқан 12 қосалқы станция бар. 3500-ден астам қызметкері бар 200 бригаданың құрамына реанимация, қарқынды терапия, педиатриялық, дәрігерлік және фельдшерлік бригадалар, сонымен қатар заманауи медициналық технологиялар мен практикалық тәжірибесі бар жоғары білікті мамандар кіреді.

Жыл қорытындысында жедел жәрдем қызметінің көрсеткіші, атап айтқанда, шақыру жедел жәрдем бригадасына берілген сәттен бастап және жөнелту пунктіне 15 минуттан аспайтын мерзімде жету уақытын сақтау 90%-ға орындалды. Бүгінде медициналық-санитарлық алғашқы көмек ұйымдарының мобильді бригадалары да тұрғындарға жұқпалы және басқа да аурулар кезінде үй жағдайында қызмет көрсетеді. 4-санаттағы шақыруларды қабылдағаннан кейін Жедел медициналық көмек станциясының диспетчері қоңырауларды жұмыс күндері жұмыс уақытында автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы медициналық-санитарлық алғашқы көмек ұйымдарының мобильді топтарына жібереді.

– МӘМС жүйесі Алматы тұрғындары үшін тиімді жұмыс істеп тұр деп ойлайсыз ба?

– МӘМС пакетінің көлемі жыл сайын артып, кеңейіп келеді. Бұл халыққа көрсетілетін көмектің қолжетімділігін арттырып отырғаны сөзсіз. МӘМС қаражаты есебінен жоғары технологиялық көмек көрсетіледі. Бұл жоғары технологияларды, көп ресурсты және емдеу мен диагностиканың бірегей әдістерін қажет етеді. Мұның бәріне көп қаражат керек. Осы қажеттілікті МӘМС өтеп беріп отыр дер едім. Мемлекет басшысы «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңға түзетулерге қол қойғанын атап өткім келеді. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесімен қамтуды кеңейту іс-шаралары енгізілді. Жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік әл-ауқаттың дағдарыс және төтенше деңгейлеріне байланысты, азаматтарға міндетті медициналық сақтандыру жарналарын төлейтін болады. Ресми тіркелген жұмыссыз азаматтардың жарналары да жергілікті бюджет есебінен төленбек.

Қабылданған түзетулерге байланысты онкологиялық скрининг 2026 жылдан бастап кепілдендірілген тегін медициналық көмек тізіміне енгізіледі және міндетті медициналық сақтандыру мәртебесіне қарамастан барлық азамат үшін тегін болады. 8 әлеуметтік маңызы бар ауруға күдік болған жағдайларда да консультациялық-диагностикалық көмек тегін,



ал бұрын 2 ауру (АИТВ, туберкулез) кезінде ғана көрсетілетін. Келер жылдан бастап базалық міндетті медициналық сақтандыру пакетіне амбулаторлық диализ, сондай-ақ консультативтік-диагностикалық көмек, амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, динамикалық бақылауға жататын созылмалы аурулардың 12 тобына жоспарлы түрде стационарлық және стационарды алмастыратын көмек кіреді.

– Балалар мен жасөспірімдер арасында семіздік ауруы көбейіп барады. Бұл бағытта қандай іс-шаралар қабылдануда?

– Денсаулық сақтауды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы мен Алматы қаласын Дамыту бағдарламасының негізгі көрсеткіштерінің бірі – 14 жасқа дейінгі балалар арасындағы семіздік ауруын төмендету. 2024 жылдың қорытындысына сүйенсек, балалар арасындағы семіздік дерті 2023 жылғы 53,2-ден (100 мың балаға шаққанда) 64,9-ға дейін өскен. Халықтың, әсіресе, балалар арасында семіздік ауруын азайту үшін салауатты және дұрыс тамақтануды жүкті әйелдерден бастау керек. Мамандар балалар мен жасөспірімдерді, сондай-ақ бала туатын жастағы әйелдерді жүйелі түрде медициналық тексеруден өткізуді қамтитын кешенді жұмыс жүргізуде. Медициналық-санитарлық алғашқы көмек мамандары мен салауатты өмір салтын қалыптастыру орталықтары жалпы білім беретін мектептердің мамандарымен бірлесіп, дұрыс және салауатты тамақтану бойынша ақпараттық науқан жүргізеді.

● Мемлекет басшысы оқушыларды тегін тамақтандырудың сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлуді тапсырғаны да мәлім. Биылдан бастап еліміздің барлық білім беру мекемесі отандық және халықаралық ұсынымдар негізінде Денсаулық сақтау министрлігі мен Білім министрлігі бірлесіп әзірлеген жаңа «Мектептегі тамақтану стандартын» іске асыруда.

– Медициналық қызмет сапасын бағалау үшін қандай көрсеткіштер қолданылады және оларды жақсарту бағытында не істелуде?

– Денсаулық сақтау жүйесі қызметінің негізгі көрсеткіштері – өмір сүру ұзақтығы, туу, жалпы өлім-жітім, ана мен нәресте өлімі және халықтың медициналық мекемелер көрсететін медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне қанағаттану деңгейі.

Қазіргі уақытта қала әкімдігі мен біздің басқарма Алматы қаласын Дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған жоспарының 30 негізгі ұлттық 35 индикаторына мониторинг жүргізеді. Аталған стратегиялық бағдарламалардың тиімді, сапалы және уақытылы орындалуын қамтамасыз ету үшін басқарма көрсеткіштердің орындалуына мониторинг жасалады. Сонымен қатар, денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін бақылау мақсатында басқарманың бұйрығымен ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметінің негізгі көрсеткіштері бекітілді.

– Биыл елімізде тұңғыш рет «Омырау сүтінің жеке банкі» ашылды және ол біздің Алматыдан бастау алды. Алғашқы нәтиже қандай?

– Биыл Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында Денсаулық сақтау министрлігінің бастамасымен және «Аяла» қайырымдылық қорының қолдауымен «Емшек сүтінің жеке банкі» атты Қазақстандағы бірінші жоба жүзеге асырылуда. Бұл әлеуметтік жоба жаңа туған нәрестелерді, соның ішінде шала туған сәбилерді және табиғи тамақтануды қажет ететін ауыр сырқатқа шалдыққандарды қолдауға бағытталған. Стационар жағдайында нәресте әртүрлі себептермен (мысалы, ауыр босану кезіндегі медициналық себептерге байланысты) анасын еме алмаса, мұндай банк таптырмас ресурсқа айналады. Сондай-ақ, реанимациядағы жаңа туған нәрестелерінен мәжбүрлі түрде бөлінген аналарға қолдау көрсету өте маңызды.

Жоба нәтижелері өте жақсы: некротикалық энтероколиттің дамуының 50%-ға төмендеуі, бұл емшек сүтін пайдаланудың арқасында шала туған нәрестелердегі асқынудардың азайғанын көрсетеді. Сонымен қатар, салмағы 500–999 грамм сәбилердің өмір сүру деңгейі 64,7%-ға дейін өсті, былтырғымен салыстырғанда, 2,7%-ға артты. Бұл өте төмен салмақпен туған нәрестелерге күтім жасау дағдыларының жақсарғанын көрсетеді және жаңа туған балаларды күтудің заманауи стандартын енгізудің тиімділігін дәлелдейді.

Ана сүті банкін енгізудің тағы бір артықшылығы – парентеральды тамақтанудан энтеральды тамақтануға өтуге ықпал ететін емшек сүтін пайдалануды кеңейту мүмкіндігі. Бұл жұқпалы аурулар, метаболикалық бұзылулар және бауырдың зақымдануы сияқты парентеральды қоректік заттарды ұзақ уақыт қолданумен байланысты асқынулардың қаупін азайтады.

– Жасыратыны жоқ, халықтың дәрігерлерге көңілі толмай жататын сәттері аз емес. Сіз әріптестеріңізден бірінші кезекте нені талап етесіз?

– Торакальды хирург, кардиологияның инновациялық әдістерінің авторы Николай Амосов: «Медицина ғылымы үнемі өзгеріп отырады және дәрігерлер ең жақсы емдеуді қамтамасыз ету үшін соңғы жетістіктерден хабардар болуы керек. Олар үнемі оқып, үйреніп, дамып, жаңа технологиялар мен емдеу әдістерін және жаңа заманауи жабдықтарды меңгеруі тиіс. Әрбір дәрігер жақсы білім алып, оны дұрыс пайдалануы керек», – деген екен.

Дәрігер мамандығының ең маңызды қыры – науқастарға бар білімін жұмсай отырып, дер кезінде көмек көрсету. Бұл науқаспен, оның отбасымен және әріптестерімен шынайы адами қарым-қатынассыз мүмкін емес. Дәрігердің болмашы қателік жіберуге де құқығы жоқ. Сондықтан медицина ғылымының барлық қыр-сырын меңгеру өте маңызды.



ЕҢБЕК АДАМЫ

ЖҮРЕКПЕН ТАҢДАЛҒАН ЖОЛ

Ақ халатты абзал жандар – жан жарасын да, тән жарасын да емдеп жүрген шынайы еңбек адамдары

Біз кейде «батыр» дегенде қолына қару ұстаған адамды елестетеміз. Бірақ бүгінгінің нағыз батырлары – өлім мен өмір арасында арпалысқан науқастың жаны үшін күресетін, өз уайымын ысырып қойып, өзгенің хәліне алаңдайтын адамдар екенін терең түсінеміз. Олар – бір сәттік шешімі арқылы адам тағдырын өзгертіп жіберетін саланың өкілі. Ақ халат киіп, жан жарасын да, тән жарасын да емдеп жүрген шынайы еңбек адамдары. Өз өмірін өзгенің өмірімен өлшейтін, күн сайын аурумен емес, үмітсіздікпен күресіп жүрген жандар. Жүзінен нұр, жүрегінен мейірім төгілген кейіпкерлердің әр таңда жаңа үмітпен оянып, әр кешті «кімге көмектестім?» деген оймен өткізетіні жанды жылытады. Медицина – тек мамандық емес, жүрекпен таңдалған жол. Бұл жолда 30 жылдан аса уақыт бойы қызмет етіп келе жатқан №6 қалалық емханадағы маман иелерімен тілдесіп көргенді жөн санадық.



Гүлнәр БЕЙСЕНБЕКОВА,
дерматолог дәрігер:

Дәрігерлікті қайта таңдауға мүмкіндік берілсе, тағы да таңдар едім

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының №6 емханасында қызмет етемін. 32 жыл еңбек қылған медицина саласын таңдауыма анам себепкер болды. Бес перзентті дүниеге әкелген анам «балаларымның біреуі медицина жолын таңдаса екен» деп армандапты. Алғашқы жұмыс күнім әрине, есімде. Семей қаласындағы

мемлекеттік медицина университетін таңдаған соң, сол өңірге диспансерлік дәрігер болып жұмысқа орналастым. Бұл саладағы тәлімгер дәрігерлердің көмегімен теория жүзінде оқыған білімді тәжірибе жүзінде қолдануыма көп мүмкіндік берілді. Дәрігерлердің әр күнінде қызық пен қиындық қатар кездеседі.

Емханаға науқастар токсикологиялық аллергиямен келеді. Біз тері ауруларының асқынып кетпеуі үшін жанталасып, сол адамдардың өмірін қорғауға тырысамыз. Ақ халатты абзал жандар дәрігерлік жолды таңдаған соң әрқашан науқастарға көмек көрсету барысында қандай жағдайға да дайын болуы керек. Әрбір көрсеткен медициналық көмекте науқастардың аяғынан тік тұрып, дертінен толық айығып кетуі – әрбір дәрігердің қуанышы.

Ақ халатты абзал жандардың еңбегі әрдайым еленуі керек. Бұл жолда алған марапаттарым өте көп. Соның ішінде Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау саласына сіңірген еңбегі үшін» деген төсбелгім бар. Дәрігерлікті қайта таңдауға мүмкіндік берілсе, тағы да таңдар едім. Қазіргі жастар көп оқып, сол білімдерін өз таңдаған мамандығы бойынша толықтай қолдана білсе, еліміз өркендеуін тоқтатпайды. Ал медицина саласына енді ғана қадам басып жатқан әрбір жас маманға тілерім – қажымас қайрат, зор денсаулық, ерен еңбек пен толымды табыс.



Ғалия ЖАҚЫПОВА,
мейірбике:

Мейірбикеге артылар жүк ауыр

Медицина саласында мейірбике болып жұмыс істегеніме биыл – 35 жыл. Бала күнімнен дәрігер болуды армандайтынмын. Отбасымызда алты қыз, 3 ұл бала болды. Екі әпкем мен сіңлім ұстаздық жолды таңдады. Кішкентай кезімде тамағым жиі ауыратын. Ауруханаға барып, ақ халатты дәрігерлерді көргенде солар секілді болуды алдыма мақсат етіп қойдым. Сөйтіп, 1988 жылы оқу бітіріп, медициналық біліммен Алматы қаласына келдім. 1990 жылы Алматыдағы жалғыз медицина институтын тәмамдап, аурухананың эндокринология бөліміне мейірбике болып жұмысқа орналастым.

Өкініштісі, 60-тан аса науқасқа медбике жетіспейтін. Бір апталық тәжірибеден өткеннен кейін күндізгі, түнгі ауысымда істедім. Кейін тұрмыс құрып, 1992 жылы Шу аудандық орталық ауруханасында қабылдау бөлімінде мейірбике болдым. Қарап отырсам, 27 жыл осы жерде аянбай қызмет етіппін.

2019 жылы отбасылық жағдаймен қайта Алматы қаласына ора-

лып, №6 қалалық емханаға қызметке тұрып, 3 жылдан кейін ҚДО (Кеңес беру және диагностикалық) бөлімінде аға мейірбике болдым. 2023 жылдан бүгінгі күнге дейін эндокринолог медбикесімін.

Ауруханада қызмет ететін кез келген мейірбике өз ісіне асқан мұқияттылықпен қарауы керек. Осы орайда басымнан өткен бір қызық жағдайды баяндап берейін. Бір палатадан науқастың айқайы естілді. Жүгіріп барып қарасақ, жаны қиналып жатқан екі аяғына күрделі ампутация жасалған әрі қант ауруына шалдыққан науқас екен. Дәрігер келгенше дереу бірден қан қысымын өлшеп, тыныштандыру үшін өзіміз әрекет еттік. Сөйтсек, науқастың қанының құрамындағы қант қатты көтеріліп кетіпті. Жас маман болғаннан кейін бе, осы оқиғадан соң біраз есеңгіреп қалдым. Сондықтан медицина жолында мейірбикелердің де біліктілікті, жауапкершілігі мен төзімділігі сыналады.

Жас мамандар мен мейірбикелерге айтарым, еңбек жолын ауруханадан бастаған жөн. Өйткені, тәжірибені екпе егу, инфузиялық терапия жасау, операциялық бөлімде тұру секілді ауыр қызметтерді тұрақты емдеу орнынан ғана үйреніп, мол тәжірибе жинайды. Жас күнімізде шаршауды білмейтінбіз. Күн демей, түн демей жұмысымызды атқардық.

Қазір медицина дамып жатыр, жұмысты сәл де болса жеңілдететін жаңа аппараттар бар. Өмірімнің сценарийін жазуға тағы бір мәрте таңдау берілсе, қайтадан медицина жолына түсер едім. Біліктілігін арттырамын дейтін дәрігерлер шетелге барып, білім алмастырамын десе де қазір бәрі қолжетімді. Мәселен, мен білімін жетілдірген жоғары білімді мейірбике ретінде өздігімнен емделушілерді қабылдап, қажет дәрілерді жазып беру мүмкіндігіне ие болдым. Айтарым, медицинаны таңдаған адамның жүрегінде – мейірім, бойында – сабырлылық, көңілінде – жылудық, жүзінде – жанашырлық болуы керек.

Әзірлеген Дана САДЫРҚАН.

МАМАН МІНБЕРІ

ОҢАЛТУДАН ӨТКЕН ОҢАЛАДЫ

Инсулт пен инфарктан кейінгі оңалту – сауығуға апарар жолдың ажырамас бөлігі. Иә, бұл – қосымша шара емес, толыққанды қалпына келуді қамтамасыз ететін міндетті кезең. Бұл туралы Алматы қаласының штаттан тыс бас реабилитологы, №1 қалалық клиникалық аурухананың нейрооңалту бөлімшесінің меңгерушісі Әмина Бағдатқызы тарқатып айтып берді.



Нұржамал
ӘЛІШ

«Оңалту медицинасында көп жылдық тәжірибесі бар маман ретінде мынаны атап өткім келеді: жіті жағдайды емдеу – тек алғашқы қадам. Инсулт не инфарктан кейін пациент қозғалыс белсенділігінің, сөйлеудің, жадтың бұзылуы және эмоционалды күйзеліс сияқты ауыр салдармен бетпе-бет келеді. Инсулт – тек пациенттің ғана емес, бүкіл отбасының қайғысы, өйткені бұл дерт өмірдің әдеттегі ырғағын түбегейлі өзгертеді», – дейді Әмина Сейданова.

Маманның айтуынша, қалпына келтіру емі үш негізгі қағидатты ұстанғанда ғана тиімді болады:

* **Ерте бастау.** Оңалту неғұрлым ерте басталса, қалпына келу мүмкіндігі соғұрлым жоғары. Инсулт пен инфаркт жағдайында алғашқы алты ай – «алтын терезе» деп аталатын аса маңызды кезең болып саналады.

* **Мультидисциплинарлық тәсіл.** Яғни дәрігер-реабилитолог, емдік дене шынықтыру нұсқаушысы, эрготерапевт, нейропсихолог, логопед, массажист, физиотерапевт және басқа да мамандардан құралған топтың үйлесімді жұмысы.

* **Үздіксіздік.** Тек жүйелі және дәйекті көзқарас қана ұзақ мерзімді әрі тұрақты нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

«Өкінішке қарай, көптеген науқас ауруханадан шыққаннан кейін оңалту курсы жалғастырмай үйіне оралады. Бұл – ең жиі кездесетін әрі, өкінішке қарай, аса қауіпті қателіктің бірі. Тиісті қалпына келтіру емінің инсулт немесе инфаркттың қайталану қаупі айтарлықтай артады, ал белсенді әлеуметтік және кәсіби өмірге оралу мүмкіндігі төмендейді», – дейді дәрігер.

БІЛГЕНІЗ ЖӨНІ

ШЕТЕЛГЕ ЕКПЕСІЗ ШЫҚПАҢЫЗ

Шетелге саяхатқа шығар алдында денсаулықты да ұмытпау керек дейді дәрігерлер. Мәселен, сапарға жиналарда екпе алып шығу маңызды. Себебі, кейбір елдерде инфекция жұқтыру қаупі бар. Сондықтан мән берген абзал.

Иә, екпе басқа елдерде жиі кездесетін ауыр жұқпалы аурулардан аулақ болуға көмектеседі. Ал кейбір мемлекеттер белгілі бір екпесі жоқ туристерді өзіне кіргізбейді. Нақтырақ айтсақ, Африка мен Оңтүстік Америка елдеріне барғанда (мысалы, Кения, Уганда, Бразилия) сары безгекке қарсы екпеңіз болмаса, шекарасынан өткізбейді. Ол екпені жол жүрерден 10 күн бұрын салдырған дұрыс, ал сертификаты өмір бойына жарамды.

Азияға, Таяу Шығысқа, Оңтүстік Америкаға және Африкаға сапарға шығар кезде А және В гепатитіне қарсы вакцина ектірген жөн. Бұл инфекция су, тамақ, қанмен және биофлюидтер арқылы жұғуы мүмкін. Ал Үндістанға, Бангладешке, Пәкістанға, Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне шығарда іш сүзегіне қарсы екпені алу керек. Сауд Арабиясына қажылық жасайтындарға менингококк инфекциясына қарсы екпе алу ма-



ңызды. Ал Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ауылдық жерлеріне ұзақ уақытқа жиналған болсаңыз, Жапон энцефалитіне қарсы екпе міндетті.

– Кейбір екпелер аралықпен бірнеше дозаны қажет етеді. Дайындықты сапардан бір-екі ай бұрын бастаған дұрыс. Бұл сіздің ағзаңызда иммунитетті дамытуға және саяхат кезінде жанама әсерлерден аулақ болуға уақыт береді. Сайып келгенде, екпе алу – өзіңіздің және жақындарыңыздың амандығының басты кепілі, – дейді №21 қалалық емхананың жалпы тәжірибе дәрігері Ақалтын Айтбаева.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

●

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР

ерте жастан әлеуметтік ортаға бейімделсе, қоғамның белсенді мүшесіне айнала алады

Қазіргі заманның ең үлкен сын-қатерлерінің бірі – балалар арасындағы аутизм және даму тежелістері. Соңғы онжылдықта ата-аналардың жиі еститін диагноздарына аутизм, сөйлеу дамуының тежелуі (ЗРР), психиологиялық дамудың тежелуі (ЗПР) кіретін болды. Бұрын мұндай диагноздар сирек қойылатын болса, қазір әрбір отбасы танысының ішінде осындай баласы барын айта алады. Бұл кездейсоқ құбылыс емес, әлемдік деңгейде байқалып отырған үрдіс. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, бүгінде жүз баланың бір-екеуінде аутизм спектрі белгілері анықталады. Бұл көрсеткіш бұрын әлдеқайда төмен болатын. Яғни біз қазір ерекше балалардың көбеюіне куә болып отырмыз, ал оның себебін ғалымдар әлі күнге дейін нақты түсіндіріп бере алмай келеді.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Аутизмге әлі де дұрыс баға берілмей келеді

Аутизмнің неге көбейіп жатқаны жайлы түрлі болжамдар бар. Біреулер мұны экологиялық ахуалдың нашарлауымен, химиялық қоспасы көп та-

ғаммен байланыстырады. Тағы бір топ ғалымдар бала ағзасының әлсізденуіне, ана мен әкенің денсаулығындағы өзгерістерге назар аударады. Вакцинаға қатысты дау да жиі көтеріледі, дегенмен медицина әзірге оның аутизмге әсерін ғылыми тұрғыда дәлелдеген жоқ.



(Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Кейінгі жылдары ең жиі айтылатын себептердің бірі – гаджеттер. Балаға тым ерте жастан телефон мен планшеттің беріліп, тірі қарым-қатынастың азаюы сөйлеу қабілетіне, психологиялық дамуына теріс әсер етеді. Алайда, аутизмнің нақты бір ғана себебі жоқ, ол

Олар да бақытты өмір сүруге құқылы

Ерекше балаларды тәрбиелеуде ата-ананың рөлі ерекше. Олар баланы өзгеше деп қабылдап қана қоймай, оның әрбір кішкентай жетістігін қолдап, рухани тірек болуға тиіс. Әрине, мәселе тек жеке отбасылардың деңгейінде емес.

Мемлекеттің де, қоғамның да мойнына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Мұғалімдердің бәрі де ерекше балалармен жұмыс істеуге дайын емес, ал ата-аналарға тегін психологиялық және педагогикалық қолдау көрсету жүйесі әлі толық жолға қойылмаған. Сондықтан бұл бағытта нақты қадамдар қажет: ерте диагностикадан бастап, әр қалада аутизм орталықтарын көбірек ашу, педагогтарды арнайы даярлау, қоғамды ақпараттандыру – бәрі де уақыт талабы. Аутизм – ХХІ ғасырдың сын-қатері ғана емес, сонымен бірге қоғамның адамгершілігін сынайтын айна. Біз өзгеше балаларды қабылдай аламыз ба, жоқ па – соған қарай өркениетті қоғам екеніміз анықталады. Өйткені, әрбір ерекше бала – ерекше тағдыр, ал оның артында үміт пен алаңдаушылыққа толы әке-шеше бар. Егер мемлекет, қоғам және отбасы күш біріктірсе, аутизмге шалдыққан балалар да бақытты өмір сүріп, өз дарынын жүзеге асыра алады. Демек, бұл мәселеге немқұрайлы қарау – келер ұрпақ алдындағы ең үлкен қателігіміз болар еді.

●

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ұлбосын ТӨЛЕПБЕРГЕН,
балалар массажы және
моторлық онтогенез маманы:

Баланың алғашқы даму кезеңіне ерекше көңіл бөлген жөн

Аутизм, ЗПР, ЗРР диагнозы бар балалардың ерекшелігі әр деңгейде көрінеді. Мысалы, ЗРР (сөйлеу тілі дамуының тежелуі) аса қауіпті емес, ол көбіне тек тіл дамуында байқалады – бала кеш сөйлейді, сөйлем құруда қиындықтар туындайды. Ал ЗПР (психикалық дамудың тежелуі) айқынырақ білінеді: бала аты аталғанда жауап бермей қоюы мүмкін, тапсырмаларды орындаудан қашқақтайды. Егер осындай балаларға уақытында көмек көрсетілмесе, жағдай күрделеніп, аутизмге ұласуы ықтимал. Ал аутизмді емдеу өте қиын, себебі ол кезде баланың ми қызметі жартылай тежеледі. Сондықтан ең маңыздысы – баланың алғашқы даму кезеңіне ерекше көңіл бөлу. Әсіресе, 1 жасқа дейінгі кезеңде моторлық онтогенез бағытында жұмыс істеген жөн. Бұл – баланың қимыл-қозғалысының дұрыс дамуына жағдай жасайтын арнайы жаттығулар мен әдістер. Егер бала дұрыс дамып отырса, кейінгі өмірінде кедергілер болмайды. Сол үшін ата-аналар балаларын ерте жастан массажға апарып, моторлық онтогенез мамандарымен жұмыс істеуі қажет. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, мұндай тәсілдің 90 пайызға дейін көмегі бар деуге болады.

Бейбіт ТҰРСЫНБАЙ,
«Арнайы педагогика» мамандығының
«Логопедия» бағыты бойынша 3-курс студенті:

Тұтас қоғамға әсер ететін құбылыс

Қазір қоғамда аутизм, ЗПР, ЗРР диагнозы қойылатын балалардың саны артып келе жатқаны бәрімізге үлкен ой салады. Бұл – тек медициналық мәселе емес, тұтас қоғамға әсер ететін құбылыс. Себебі, ерекше бала – бір ғана отбасының емес, бүкіл елдің жауапкершілігі. Логопедия саласында білім алып жүргендіктен, біз бала дамуындағы сөйлеу және психологиялық кешігулердің алғашқы белгілерін ерте анықтаудың маңызы зор екенін түсінеміз. Өкінішке қарай, көп ата-ана «балам уақыт өте өзі сөйлеп кетеді» деп күтіп, уақытты жоғалтып алады. Ал шын мәнінде, ерте жүгінгенде логопед пен дефектологтың көмегімен өте жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Ең үлкен қиындықтардың бірі – қоғамдағы түсінбеушілік. Ерекше балаларға кейде мүсіркей қарайды, кейде мүлде қабылдағысы келмейді. Шын мәнінде олардың да дарыны, қабілеті бар. Тек дұрыс жағдай жасап, қолдау көрсете білсек, олар да қоғамда өз орнын таба алады. Менің ойымша, ең әуелі ата-аналарды ақпараттандыру керек. Сонда ғана қоғамда түсіністік қалыптасады. ХХІ ғасырдың бұл сын-қатерін жеңудің жалғыз жолы – бірлескен қолдау мен мейірім.

Денсаулық сақтау:

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫ:

медицина саласына бақылау күшейді

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті жанындағы Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кезекті көшпелі отырысы өтті.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жиында денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік қызметтердің сапасы қаралды. Кездесуде Медеу ауданындағы №2 қалалық емханада анықталған бірқатар бұзушылықтар мен медицина қызметкерлерінің біліктілік талаптарына сәйкестігі мәселесі көтерілді. Көшпелі отырысқа Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департамент басшысы Шынарай Әлімхан, ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелері, Медеу ауданындағы №2 қалалық емхананың басшысы Тоқжан Еспергенова және дәрігерлер қатысты.

Шынарай Әлімханның айтуынша, Алматы қала-



сында мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі электронды форматта көрсетілгенімен, денсаулық сақтау саласында елеулі проблемалар бар. «Біз ай сайын сапаны бақылау үшін көшпелі отырыстар өткіземіз. Негізгі міндетіміз – мемлекеттік қызметтердің сапасын тексеру. Тек Алматының өзінде 346-дан астам мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Олардың ішінде ең көп шағым түсетін сала – медицина», – деді департамент басшысы.

Статистика не дейді?

• Тек медициналық ұйымдарға тіркеу бойынша ғана қала көлемінде 45,5 мыңнан астам бұзушылық анықталған. Оның ішінде: Түрксіб ауданында – 10 522; Алатау ауданында – 8399; Алмалы ауданында – 5275; Бостандық ауданында – 4540; Медеу ауданында – 3691; Наурызбай ауданында – 3158; Жетісу ауданында – 2260 жағдай тіркелген.

• Бұл көрсеткіштер азаматтардың емханаға уақытылы тіркелмеуіне, құжаттардың дер кезінде базаға енгізілмеуіне, сондай-ақ кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының сирек өткізілуіне байланысты орын алып отыр.

Департаменттің мәліметінше, дәрігерлер мемлекеттік қызметшілер қатарына кірмегенімен, олар квазимемлекеттік секторда халыққа мемлекеттік қызмет көрсетуші ретінде есептеледі. Соған қарамастан олардың біліктілігін арттыру жүйелі жолға қойылмаған.

– Заң бойынша әр мемлекеттік қызметші үш жыл сайын қайта даярлау курстарынан өтуі керек. Алайда, медицина саласында қызмет көрсететін барлық мамандардың кәсіби дағдылары жеткілікті бола бермейді. Бұл қызмет сапасына тікелей әсер етеді, – деді Шынарай Әлімхан.

Жауапты органдар алдағы уақытта түсіндіру жұмыстарын күшейтіп, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған нақты шаралар қабылдамақ.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 2 айға – 1226,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 2 айға – 2631,24 (қала), 1606,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 2 айға – 786,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Күрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді Post.kz сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет Post.kz -пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет 24/7 қолжетімді.

 FIDE комиссиясы

Іс-шараны FIDE – Халықаралық шахмат федерациясы мен Қазақстан шахмат федерациясы бірлесіп ұйымдастырды.

 Гүлжанат СЕМБАЕВА

Конференцияның мақсаты – шахматты білім беру жүйесіне енгізу, оның әдістемелік, педагогикалық және стратегиялық аспектілерін талқылау. Жиынға халықаралық және қазақстандық сарапшылар, шетелдік шахмат федерацияларының төрағалары мен шахмат мамандары қатысты. Білім берудегі шахмат бойынша

«ШАХМАТ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ»:

Алматыда ІІІ Халықаралық конференция өтті

FIDE комиссиясының төрағасы Джерри Нэш тәжірибесін бөлісу үшін Алматыға арнайы келіп, конференцияға қатысты. «Мен Алматыға алғаш рет осында 34 жыл бұрын келген едім. Ол кезде халықаралық алмасу бағдарламасы аясында келдім. Бұл шаһар маған жат емес. Қайта келгеніме қуаныштымын. Қазақстанның осы саладағы бастамаларын қолдау үшін келдім. Қазіргі уақытта Алматыдағы Балуан Шолақ спорт кешенінде шахматтан кадеттер арасында әлем чемпионаты өтті.

FIDE-нің «Шахмат және білім беру» жөніндегі комиссиясы Қазақстанды үнемі қолдап келеді. Өйткені,

бұл ел шахматты білім беру саласына жүйелі түрде енгізіп жатыр. Сол арқылы біз балалардың коммуника-тивтік дағдыларын, ойлау қабілетін және интеллектуалдық әлеуетін дамыта аламыз.Қазақстандық мектептерге шахмат пәнін енгізу бағдарламасы бірте-бірте іске асырылып жатыр. Бұл бастама өзге елдерге де үлгі болары анық», – дейді Джерри Нэш.

Қазіргі кезде әлем елдері де шахматты білім беру жүйесіне енгізіп жатыр. Мысалы, Швейцарияда бас-тауыш сыныптардың оқу бағдарламасына енгізілсе, Швецияда шахмат қосымша пән ретінде мектептерде

кеңінен қолданылып келеді. Испанияның Каталония өңірінде 2012 жылдан бастап шахмат ресми түрде білім беру құралы ретінде оқытылып жатыр. Ал Малайзия 2025 жылы шахматты ұлттық деңгейде мектеп бағдарламасына енгізді. АҚШ-та шахмат тек мектептерде ғана емес, жоғары оқу орындарында да оқытылады. Халықаралық сарапшылардың пікірінше, шахматты білім беру жүйесіне енгізу – оқушылардың сыни ойлауын, шешім қабылдау қабілетін дамытуға зор мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл бастама келешекте интеллектуалды ұлт қалыптастыруға негіз бола алады.

ШЕШІМ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ		
Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 19 қыркүйектегі №240 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің әталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2025 жылғы 25 қыркүйекте №214607 болып тіркелді.		
ШЕШІМ	№240	
2025 жылғы 19 қыркүйек	№240	
«Алматы қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы №497 шешіміне толықтырулар енгізу туралы		
Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ : 1. «Алматы қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы №497 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1656 болып тіркелген) шешіміне мынадай толықтырулар енгізілсін: көрсетілген шешімнің қосымшасында: «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі дәрілік заттар» 1-бөлімі мынадай мазмұндағы 65), 66), 67), 68), 69), 70), 71), 72), 73), 74) жолдармен толықтырылсын: «		
65)	Бронх демікпесі	«Тезепелумаб»
66)	Псориатикалық артропатия	«Гуселькумаб»
67)	Гипофосфатемиялық рахит	«Буросомаб»
68)	Кәмелетке толмаған идиопатиялық артрит	«Тофацитиниб»
69)	Крон ауруы	«Ведолизумаб»
70)	Шашыраңқы склероз	«Офатумумаб»
71)	Прогрессивті жүйелік склероз, жүйелік склеродерма	«Ритуксимаб»
72)	Қалқанша безінің қатерлі ісігі	«Селперкатиниб»
73)	Өкпе қатерлі ісігі	«Селперкатиниб»
74)	Көп ошақты миелома	«Помалидомид»
».		
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.		
Алматы қаласы мәслихатының төрағасы		
М.ОТЫНШИЕВ		

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ	
Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 19 қыркүйектегі №241 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің әталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2025 жылғы 25 қыркүйекте №214610 болып тіркелді.	
ШЕШІМ	№241
2025 жылғы 19 қыркүйек	№241
«Алматы қаласының аумағын абаттандыру қағидаларын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 19 шілдедегі №138 шешіміне толықтыру енгізу туралы	
Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ : 1. «Алматы қаласының аумағын абаттандыру қағидаларын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 19 шілдедегі №138 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1776-02 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін: аталған шешіммен бекітілген Алматы қаласының аумағын абаттандыру қағидалары: мынадай мазмұндағы 147-1-тармақпен толықтырылсын: «147-1. Ерекше метеожағдайлар (қалың қар, боран, көктайғақ және басқалар) кезінде қосымша техника мен персоналды тарта отырып, жұмыстардың көлемі мен жиілігін арттыра отырып, күшейтілген тазалау режимі жүргізіледі»; 2. «Алматы қаласы Мәслихатының аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен: 1) осы шешімнің «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін; 2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Алматы қаласы мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін. 3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.	
Алматы қаласы мәслихатының төрағасы	М.ОТЫНШИЕВ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың 29-бабының 5тармағына сәйкес әзірленген «Алматы қаласының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2026-2028 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының» жобасына ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны: 30.10.2025 ж., сағат 11.00-де: Алматы қ., Республика алаңы, 4. Тапсырыс беруші – «Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы» КММ. Мекенжайы: Алматы қаласы, Республика алаңы, 4. БСН 050240003614. Әзірлеуші: «Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы» КММ, мекенжайы: Алматы қаласы, Республика алаңы, 4. БСН 050240003614. Жобалық құжаттама жиынтығымен порталда танысуға болады esportal.kz. қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады. Мекенжайы: esology@almaty.gov.kz хабарламалар мен ұсыныстар «Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы» КММ-де мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Республика алаңы, 4. esology@almaty.gov.kz Интернеттегі байланыс сілтемесі https://us05web.zoom.us/j/87357005700?pwd=tzRbDgbsqrGfBGyNMBeaofrfTfVYeL1 Конференция идентификаторы: 873 5700 5700 Кіру коды: 95ux3m



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauqparat@gmail.com тел: 293-08-25


Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail: alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Дана САДЫРҚАН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымына» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



Суретті түзген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

«Белсенді ұзақ өмір сүру»:

Мегаполистегі 28 панфиловшы-гвардияшы атындағы саябаққа жиналған зейнеткерлер мен ардагерлердің құрметіне концерт ұйымдастырылды. Жас өнерпаздармен бірге қариялардың өздері де ән салып, би биледі.



Нұржамал
ӘЛІШ

Салауатты өмір салтын ұстанатын сергек қарттар скандинавиялық жүріс спортына қуана қатысты. Мерекеге бөленген парк ішінде сауда нүктелері де жұмыс істеп тұрды. Оған Медеу аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығындағы зейнеткерлердің өз қолынан шыққан түрлі қол-өнер, тоқыма бұйымдары және картиналар қойылды.

Қарттар мерекесіне «Алматы жас дәрігерлерінің ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі қолдау білдірді. Сөйтіп, жас буын өздеріне үлгі тұтар аға буынды әрқашан сыйлайтынын, құрметтейтінін көрсетті.

Ал Медеу аудандық «Белсенді өмір сүру» орталығының үйлестірушісі Бақтияр Камалов мұндай іс-шаралардың жылда бір ай бойына ұйымдастырылатынын атап өтті.

– Бүгінде Алматыда Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары сәтті жұмыс істеуде. Бұл жобаның мақсаты – ұзақ жылдар

жұмыс істеп, еңбегінің зейнетін көретін жасқа жетіп, зейнет демалысына шыққан аға буынға қолдау көрсету, олардың өзін қоғамға әлі де керек екенін сезінуіне жағдай жасау, өмір сүру сапасын арттыратын зияткерлік, мәдени-рухани шығармашылық, қоғамдық іс-шараларға кеңінен тарту және ұрпақтар сабақтастығын жалғап отыру үшін жас буынмен кездесулер ұйымдастыру. Міне, бүгін де сондай бір тағылымды кештің куәсі болдыңыздар. Күннің жаңбырлы болғанына қарамай көптеп жиналған, өз өмірін өзі жарық сәттерге толтырып жүрген зейнеткер-ардагерлерге алғыс айтамыз, – деді Б.Камалов.

Алматы – еліміздегі «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы бірінші болып ашылған тұңғыш қала. Бүгінде қанатын кеңге жайып, шаһардың барлық ауданында жұмыс істеп тұр. Аталған орталықтарға келетін зейнеткерлердің көбі ештеңе де кеш емес деп тіл үйреніп, компьютерлік сауаттылықты меңгеруде. Негізі, егде жастағы алматылықтар арасында «Айкуне» ұлттық жаттығулары, кескіндеме курстары, хор, қолөнер және агротерапия ерекше танымал дейді үйлестіруші-мамандар.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мавжуда ШӨМЕКЕЕВА,
зейнеткер-ұстаз:

Екінші тынысым ашылды

Ұзақ жыл ұстаздық еттім, балаларға ағылшын тілінен сабақ бердім. Білімді ұрпақ тәрбиелеуге үлес қостым. Қазір зейнеткермін. Балалар жұмыста, немерелер сабақта, балабақшада. Үйде қарап отырмаймын деп, Медеу аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығына тіркелген едім. Мұнда өзімді жаңа қырынан аштым десем де болады. Суретке бала күнімнен жақын едім. Бірақ уақыт ағымымен басқа бағытқа кеттім.

Ал қазір шығармашылық әлеуетім артып, қылқаламды серік етіп, суреттер сала бастадым. Менің осылай екінші тынысымның ашылуына дәнекер болған, бізге сурет үйірмесінен сабақ беретін Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, белгілі отандық суретші Гүлжамал Тагеноваға алғысым шексіз. Сан бояуды қалай ойнату-ды үйретті. Жүрегімнен шыққан кішкентай ғана картиналарым маған қуаныш, шабыт сыйлайды. Туған-туыс, дос-жаранға да туған күндерінде сыйлап қуанту бір мәртебе. Күні кеше үш жасар немеремнің балабақшасына біреуін беріп жібердім. «Күзгі балл» концерттік бағдарламаларының бір қажетіне жарағанының өзі маған тағы да шабыт қосты.



(Сурет автордікі).

ҚҰРМЕТКЕ ТОЛЫ МЕРЕКЕ

Наурызбай ауданында «Қарттарым – асыл қазынам» атты тағылымды кездесу өтті

Қазан айының алғашқы күні – ел жүрегін жылытатын, үлкенге деген құрмет пен алғысқа толы мереке – Қарттар күні. Бұл күнде халқымыз ақылдың дариясына, мейірімнің қайнарына айналған қазыналы қарттарын ардақтап, сый-құрмет көрсетеді. Бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде қарттарға арналған тағылымды кездесулер мен мерекелік кештер өткізу игі дәстүрге айналған.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Сол ізгі дәстүрдің жалғасы ретінде Алматының Наурызбай ауданындағы №206 мектеп-гимназиясында «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекелік концерт өтті. Жүздері шуаққа толы ақсақалдар мен ақ жаулықты әжелерді мектеп жұмысы мен оқушылар ыстық ықыласпен қарсы алды. Мерекелік кештің шымылдығы мектеп директоры Фатима Мәметқалиқызының жүрекжарды лебізімен ашылды. Мектеп басшысы



ардагерлерге алғыс айтып, жас ұрпақ үшін олардың өмірлік өнегесінің маңызын ерекше атап өтті.

– Құрметті аталар мен әжелер! Сіздер – біздің өміріміздің темірқазығы, ақылдың қайнарысыздар. Қоғамдағы әрбір жетістігіміздің түбінде сіздердің еңбектеріңіз жатыр. Біз қарттарымызды мерекелерде ғана

емес, күн сайын қадірлеуіміз керек. Себебі, қариясы бар ел – қазыналы ел. Сіздерден алған тәлім-тәрбие – біздің өмірлік жолымыздың шамшырағы. Бүгінгі іс-шара – сол еңбектеріңізге деген кішкентай ғана алғысымыз», – деді.

Мектеп-гимназияда өнерлі, талантты оқушылар аз емес. Олар әрдайым түрлі

іс-шараларда белсенділік танытып, сахнаны думанға бөлеп келеді. Бұл жолы мерекелік кештің шырайын ашқан – 5 «а», «ә», «б», «в», «ғ» сыныптарының жас өнерпаздары болды. Кеш барысында сахнаны ән мен күйге бөлеген оқушылардың өнеріне көрермендер зор қошемет көрсетті. 5 «ғ» сыныбының биші қыздары «Ақ шағала» биін мың бұрала орындап, нәзік қимылдарымен көпшілікті тәнті етті. Ал жас домбырашылар төгілте шерткен «Адай» және «Балбырауын» күйлері залды ерекше әсерге бөледі.

Сондай-ақ, оқушылардың орындауындағы «Туған жер», «Анашым», «Менің атам» сияқты жүрекке жақын әндер қазыналы қарттардың көңілін толқытып, жүздерін шаттыққа бөлеп, көздеріне қуаныш жасын үйірді. Өнерлі ұл-қыздардың ықыласқа толы өнері – ардагерлерге деген сый-құрметтің ең әдемі көрінісі болды. Мерекелік кештің соңында ақсақалдар жастарға бата берді. «Өнерлі ұрпақ – елдің мерейі. Бүгінгі кештен үлкен қуат алдық. Осындай ізет көрсеткендерің үшін баршаңызға алғысымыз шексіз. Жастардың бойына сыйластық пен мейірім дарысын!», – деп ақ тілектерін арнады. Осылайша «Қарттарым – асыл қазынам» атты тағылымды кеш қарттарға деген құрмет пен шәкірттердің алғысына толы жылы лебізбен аяқталды.

Қазақта «Қарты бар үй – қазыналы үй» деген қанатты сөз бар. Қариялар – елдің тірегі, ұрпаққа жол сілтер шамшырағы. Бұл мерекелік іс-шара – соның айқын дәлелі. Қарттарға көрсетілген ізет пен құрмет – жас ұрпақтың рухани байлығы мен тәрбиесінің негізі екені сөзсіз.